

#ӘділеттіҚазақстан

Қазіргі геосаяси жағдайда біз мемлекеттілігімізді біртіндеп нығайтып, реформалар мен жаңару бағдарын нық ұстануымыз қажет. Барынша мұқият әрекет жасап, еліміздің ұзақ мерзімді мүддесіне сай жұмыс жүргізуіміз керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



Ерлан ҚАРИН,
ҚР Мемлекеттік кеңесшісі:

ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІК ҮЛГІ

2

АЙТЫС



СҰЛУ ЖЫРДЫҢ САЛТАНАТЫ

5

СПОРТ



ЖЕҢІСПЕН ОРАЛ, БАҒАДҰР!

10

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

17.09.2022

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+24+26 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

18.09.2022

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+25+27 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №107 (6242) 17 қыркүйек, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

САЯСИ ЖҮЙЕДЕГІ СЕРПІЛІС

«Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қабылданды



Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Парламент Палаталарының бірлескен отырысы өтті. Онда ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Парламент Палаталарының бірлескен комиссиясын құру мәселелері қаралды.

2

ӘКІМ

Ерболат ДОСАЕВ:

АЛМАТЫ – КӘСІПКЕРЛІК ПЕН ІСКЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Шаһар басшысы Ерболат Досаев кәсіпкерлермен кездесті. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлескен кездесуі барысында әкім ұлттық экономиканың бестен бір бөлігі, мемлекеттік бюджет кірісінің төрттен бірі және Қазақстандағы барлық сауда операцияларының 35 пайыздан астамы Алматыға тиесілі екенін атап өтті. Мегаполис халқының 65%-ын шағын және орта бизнес жұмыспен қамтып отыр.

3

ҚЫСҚА...

- Қасым-Жомарт Тоқаев Самарқандта өткен ШЫҰ Саммитіне қатысты.
- Мемлекет басшысы ШЫҰ Саммиті аясында Пәкістан премьер-министрі Шахбаз Шарифпен, Иран Ислам Республикасының Президенті Ибраһим Раисмен кездесті.
- Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінде Самарқанд Декларациясы қабылданды.
- Қытайдың Сиань қаласында Қазақстанның Бас консулдығы ашылады.
- Димаш Құдайберген 17 қыркүйекте Головкин–Канело трилогиясында Қазақстанның Әнұранын орындайды.
- 21–23 қыркүйекте Елордада Қазақстан машина жасаушыларының Х форумы өтеді.
- Қазақстанның брендіне айналған «Гүлдер» ансамблі қайта құрылады.
- Биыл елімізде пилоттық режимде 5 түрлі жәрдемақы тағайындалады.
- Францияда Роза Бағланованың 100 жылдығына арналған концерт өтеді.

www.almaty-akshamy.kz



МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ МЕРЕКЕСІ

Туған күніңмен, ару Алматы!

Әдеттегідей, жыл сайын қыркүйектің үшінші жексенбісінде алматылықтар сүйікті қаласы – алып Алматының туған күнін атап өтеді. Биыл Қала күніне

орай шаһар билігі 16–18 қыркүйек аралығында мерейлі мегаполис тұрғындарына көптеген мерекелі-думанды, тағылымды іс-шараларды тарту етіп отыр.

5-6-7



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің Саммитіне қатысу үшін жұмыс сапарымен Самарқанд қаласына барған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Кеңестің кеңейтілген құрамдағы отырысында сөз сөйлеп, Ұйымды дамытудың басым бағыттарына тоқталды.

«Біздің алдымызда ШЫҰ әлеуетін толық пайдалану міндеті тұр. Ұйым қызметінің тиімділігін арттыру және әртүрлі саладағы көпжақты ынтымақтастықты дамыту барлық қатысушы мемлекеттің мүддесіне сай келеді. Ұйым қызметін одан әрі жетілдіріп, ШЫҰ кеңістігінде және одан тыс жерлерде негізгі үрдістерді болжау ісін күшейту маңызды. ШЫҰ қызметі оның жарғылық құжаттарында көрсетілген негізгі қағидаттардың өзектілігін айқындады. Олар: экстремизм, терроризм, сепаратизм секілді «үш зұлымдыққа» қарсы күрес, мемлекеттердің егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғау, ішкі істерге араласпау. Ұйымның негізгі міндеті аймақтық қауіпсіздікті нығайту болып қала береді», – деген Президент қорғаныс ведомстволары мен арнайы қызметтер арасында әскери-саяси ынтымақтастықты арттыруды ұсынды. «ШЫҰ қазір әлемдегі ең табысты халықаралық ұйым. Біз тауарлардың, капиталдың, көрсетілетін қызметтер мен технологиялардың еркін айналымына кезең-кезеңмен көшу үшін ШЫҰ-дағы экономикалық ынтымақтастықты түрлі формада дамытуды қолдаймыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

■ СЕНАТ

Елордада жаңа «Бейбітшілік және келісім саябағының» негізі қаланды. Есіл өзенінің жасалауында орналасқан демалыс орны Қазақстандағы түрлі конфессиялар мен этностар арасындағы достық пен бірліктің символына айналмақ.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезі Хатшылығының Басшысы Мәулен Өшімбаев ел астанасында өткен VII съезд делегаттарымен бірге жаңа саябақта 60 тал отырғызды.

Жобаның басты идеясы – «Өмір ағашы» монументі. Күмбез түрінде жасалған нысанның дәл ортасына емен ағашы отырғызылған. Ол спиральмен және үйлесімді фонтанмен қоршалған. Идея авторларының пікірінше, су мен сан ғасырдан тамыр тартатын өмір ағашы Жер бетіндегі тіршіліктің жалпы-адамзаттық құндылығын дәріптейді. Осылайша жаңа туынды діні мен сеніміне қарамастан планетамыздағы барлық адамды келісімге, бейбітшілікке және достыққа шақырады. Ал күмбез бір аспан астындағы бейбіт өмірді бейнелейді. Онда әлемнің төрт бұрышы – Оңтүстік, Солтүстік, Батыс және Шығысты білдіретін 4 кіру аймағы болады. Күмбездің қабырғаларында Әлемнің жаратылуы мен Қазақстандағы тарихи оқиғаларды көрсететін бейнелер және еліміздің аумағынан табылған әйгілі ежелгі жарғас суреттері – петроглифтер салынады. Ағаштың айналасындағы спираль аспан (күмбез) мен жерді (су беті) біріктіріп, әлемнің нәзіктігін суреттейді. Саябақ құрылысы 2023 жылы аяқталып, ел игілігіне беріледі деп жоспарланып отыр.

■ МӘЖІЛІС

Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов Парламентаралық одақ төрағасы, Португалия Республикасы Ассамблеясының депутаты Дуарте Пашекумен кездесті. Парламентшілер ынтымақтастықты дамыту бағыттарын талқылап, бірлескен іс-шаралар өткізу жөнінде келісімге келді.

Парламентаралық одақ – құрамына 179 мемлекет кіретін ең көне халықаралық парламенттік ұйым. Штаб-пәтері Женевада орналасқан. Одақ БҰҰ-мен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді және оның мақсат-міндеттерін басшылыққа алады.

Дуарте Пашеку әлемдегі қақтығыстардың көбі діни себептерден туындайтынына, рухани көшбасшылар халыққа діннің жанжалға себеп болмайтынын түсіндіруі керек екеніне назар аударды. «Бұл тұрғыда Қазақстанның және ел Президентінің рөлі айрықша екенін атап өткен жөн. Өйткені, сіздің ел түрлі діни ағым өкілдері бейбіт өмір сүре алатынының үлгісіне айналып отыр. Ал Қасым-Жомарт Тоқаевтың съезд жұмысын жалғастыру және нығайту жөніндегі ұстанымы – бүкіл әлем үшін өте жақсы бастама», – деді Парламентаралық одақтың төрағасы. Тараптар ынтымақтастықты дамыту бағыттарын талқылай келе, Парламент Мәжілісі мен Парламентаралық одақ арасындағы байланысты нығайтуға келісті. Әсіресе, экологиялық мәселелердің өзектілігіне ерекше мән берді. – Қазақстанның экологияны жақсартуға бағытталған реформалары Орталық Азия елдеріне үлгі бола алады, – деді Д.Пашеку.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов ҚР Президенті жанындағы Цифрландыру мәселелері жөніндегі комиссияның отырысын өткізді.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Smart Data Ukimet мемлекеттік платформасын дамыту аясында әлеуметтік қолдау шараларын проактивті түрде тағайындау үшін «Отбасының цифрлық картасы» ақпарат жүйесі әзірленгенін айтты. Еліміздің барлық азаматтары жүйеде 5,9 млн отбасыға, экономикалық, әлеуметтік және тұрғын үй жағдайлары, денсаулық көрсеткіштері мен білімі бойынша 5 санатқа бөлінген. Осы мәліметтер негізінде қажетті қолдау шаралары анықталады, содан кейін азаматтарға оларды қабылдау туралы SMS-хабарлама жіберіледі.

Осылайша 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап пилоттық режимде 5 түрлі жәрдемақы: бала туу және оның күтімі, мүгедектігі бар баланың күтімі, жұмыссыздық және мүгедектік бойынша жәрдемақылар тағайындалады. Жыл соңына дейін тағы 5 қызметті қосу жоспарланып отыр. Олар: асыраушысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлем, көпбалалы аналарға жәрдемақы, АӘК, Күміс немесе Алтын алқамен марапатталғандарға жәрдемақы, сондай-ақ зейнетақы төлемдері.

■ МИНИСТР

Қаржы министрі Ерұлан Жамбаубаев Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмаларын іске асыру жөнінде кеңес өткізді.

Кеңес барысында фискалды реттеу ісін жаңғырту үшін арнайы салық режимдерін жеңілдетуге және салықтық әкімшілендіруді цифрландыруға ерекше назар аударылатын жаңа Салық кодексі әзірленіп жатқаны атап өтілді. Бюджет процесін бюрократиядан арылтуға басымдық берілетін жаңа Бюджет кодексі бойынша жұмыс жүргізілуде. Екі жаңа кодекстің жобалары 2023 жылдың көктеміне дейін дайын болуы тиіс. Сонымен қатар, тарифтік саясатты реформалау үшін табиғи монополиялар саласын реттеудің жаңа тұжырымдамасы – «Инвестицияға айырбасталған тариф» ұсынылды. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап кәсіпкерлік қызметті «таза паракант» реттеуді енгізу бойынша жұмыс жалғасады. Бұған қоса, «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң әзірленуде. Онда сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің ең төменгі бағасынан сапаның басымдығы қағидатын енгізу көзделген. Бұл ретте барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың сатып алуларын бірыңғай платформаға көшіру жоспарлануда.

■ ПІКІР



**Ерлан ҚАРИН,
ҚР Мемлекеттік кеңесшісі:**

ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛГІ

саяси жүйенің болжамдылығы мен орнықтылығын қамтамасыз етеді

Парламенттің бірлескен отырысында қабылданған Конституцияға енгізілген өзгертулерге қатысты ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин пікір білдірді.

«Бүгін Парламент қабылдаған саяси реформалардың пакеті Қазақстанның жаңа демократиялық үлгіге көшкенін білдіреді. Бұл модельде Президент бір мерзімге қайта сайлану құқығынсыз сайланады. Оның үстіне, бұл норма өзгеріссіз қалады және қайта қарауға мүмкін болмайды. Сондай-ақ, Конституциялық сот судьяларының өкілет мерзімі президенттік және парламенттік өкілет мерзімдерінен ұзақтау болмақ.

Бұл реформалардың пакетін бұрын іске асырылған конституциялық реформамен бірге қарау

қажет: жаңа Конституциялық сот институты құрылды; бір мезгілде Парламенттің өкілеттігі кеңейіп, Президенттің өкілеті қысқартылды; аралас сайлау жүйесі енгізіліп, партияларды тіркеу рәсімі оңайлады; өңірлердің дербестігін күшеймек», – деп жазды ол Телеграм каналында.

Мемлекеттік кеңесшінің пайымынша, енді саяси институттарды қайта іске қосу қажет. Ал ол үшін президенттік және парламенттік сайлаулар өткізу керек. «Мұның бәрі, түптеп келгенде, мемлекеттік құрылымның институционалды

келбетін билік тармақтарының арасында барынша теңгерім қалыптастыра отырып түзеді. Жаңа мемлекеттік модель биліктің ұдайы ротациялануын, саяси жүйенің болжамдылығы мен орнықтылығын қамтамасыз етеді және тұтастай алғанда, мемлекетіміздің одан әрі дамуын тек демократиялық бастауларда, саяси бәсекелестік негізінде баянды етеді. Басқаша айтқанда, реформалардың жаңа пакеті саяси жүйенің өзгеру процесін аяқтайды. Енді барлық негізгі саяси институттарды (Президент, Парламент, мәслихаттар, Үкімет) қайта іске қосу міндеті тұр. Оның бірінші кезеңі Жолдауда жарияланған президенттік сайлау болады», – деді Мемлекеттік кеңесші.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ ПАРЛАМЕНТ

САЯСИ ЖҮЙЕДЕГІ СЕРПІЛІС

«Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қабылданды

(Басы 1-бетте)

Бірінші оқылымда «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы жөнінде Әділет министрі Қанат Мусин баяндама жасады. Министр заң жобасының Мемлекет басшысының саяси бастамаларына сәйкес, Парламент депутаттарының ұсынысы бойынша әзірленгенін айтты. Онда бес бапқа өзгеріс енгізу мен бір бапты толықтыру көзделген. Алдымен депутаттар Президенттің өкілеттігін шектеу және бір реттік жеті жылдық мерзім белгілеу мәселесін талқылады.

– Ұсынылған конституциялық новелла биліктің монополиялану тәуекелдерін едәуір төмендетеді және билікті қалыптастыру мен жұмыс істеуінің өркениетті қағидаттарын белгілейді. Сондай-ақ, саяси тұрақтылықты, қоғамдық құрылыстың қазақстандық моделінің орнықтылығын нығайтады. Депутаттар ұсынғандай, Президенттің мандатын қайта сайлану мүмкіндігінсіз бір мерзімге шектеу осы заң жобасы күшіне енгеннен кейін жеті жыл мерзімге Президент болып сайланған адамдарға қолданылатын болады, – деді Әділет министрі.

Сенат депутаты Владимир Волков қайта сайлану мүмкіндігінсіз бір реттік мерзімнің енгізілуі суперпрезиденттік басқару формасынан түпкілікті арылуға жол ашатынын атап өтті. «Жаңа

Мемлекет басшысы сайланғаннан кейін оның және одан кейінгі барлық президенттің сайлауға қайта қатысу мүмкіндігі занды түрде шектеледі», – деді ол.

– Біз Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты, оның Қазақстанның жаңаруы мен халықтың өсіп-өркендеуі жолындағы бағытын және Конституцияға ұсынылып отырған өзгерістерді толық қолдаймыз. Біз қолдау мен сенім туралы сөз еткенде, ондаған жүздеген мың партия мүшесінің, еңбек ұжымдарының, кәсіпкерлердің, кәсіподақтар мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің, өңірлердегі ыссапарларымызда үнемі кездесіп тұратын барлық адамның атынан сөйлейміз. Себебі, біз олардың мәселелерін шешу үшін күнделікті жұмыс істейміз, – деді Мәжіліс депутаты Ерлан Смайылов.

Содан соң Конституциялық Сот судьяларының қайта тағайындалуына шектеулер белгілей отырып, Конституциялық Сот судьяларының өкілеттіктерін сегіз жылға дейін ұлғайту және елордаға «Астана» атауын қайтару мәселелері қаралды.

– Қазақстан халқы Тұңғыш Президенттің мемлекет іргесін бекітудегі тарихи еңбегін жоққа шығармайды. Біз Елорданың өзінде халықаралық әуежайдың, бірнеше ескерткіштердің, саябақтың, оқу орнының ол кісінің есімімен аталуының өзі құрметтің белгісі. Ал

халықтың негізгі талабы – кезінде өзінің пәрменімен Елордаға берілген Астана атауын қайтару. Депутаттар сол себепті сайлаушылардың өтініштерінің негізінде арнайы бастама жасады, – деді Мәжіліс депутаты Жанарбек Өшімжан.

Парламент депутаттары «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екі оқылымда қабылдауға бірауыздан дауыс берді.

Мәжіліс Спикері ел болашағын айқындайтын маңызды шешім қабылданғанын атап өтті. «Қазақстан жаңа саяси дәуірге қадам басқалы тұр. Біз сол ұзақ жолдың алғашқы қадамын бастадық. Бұған дейін бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған конституциялық реформа саяси жаңғырудың негізін қалады. Ал бүгінгі қабылданған шешім сол реформалардың нүктесін қойып, мемлекетіміздің жаңа саяси модельге көшуіне жол ашады. Еліміз демократияға қарай нық бағыт алды. Мемлекеттік құрылым түбегейлі өзгереді. Біз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың маңайына топтасып, әділетті қоғам құрып, ел байлығының халыққа теңдей бөлінуіне жағдай жасап, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттырып, бейбіт те берекелі өмірдің орнығуын қамтамасыз етіп отырмыз», – деді Ерлан Қошанов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Ерболат ДОСАЕВ:

АЛМАТЫ – КӘСІПКЕРЛІК ПЕН ІСКЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Айнұр
СЕНБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Кездесуге «Атамекен» ҚР ҰКП президиум төрағасы Райымбек Баталов, қала кәсіпкерлері, салалық қауымдастықтар өкілдері, құқық қорғау және қадағалау органдарының өкілдері қатысты.

Қалалық әкімдік мегаполистегі іскерлікті дамыту мен шағын және орта бизнесті өркендетуге мүдделі. Әкімдік әзірлеген «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» мен 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар туралы айта отырып, қала басшысы даму бағдарламасының 7 негізгі бағытының бірі тұрақты экономикалық өсу екенін айтты.

«Алматының даму жетістігі мен жоспарларымыздың жүзеге асуы, ең алдымен экономиканың тұрақты өсуіне, тұрақты қаржылық табыстарға байланысты және кәсіпкерлігіміз үшін де, сыртқы инвесторлар үшін де жайлы іскерлік жағдай жасау маңызды», — деді әкім.

Ерболат Досаевтың айтуынша, бағдарламада негізгі салалар қамтылған. Бұл — өңдеу өнеркәсібі, креативті индустрия және IT-саласы, сондай-ақ туризм. Басты назар еңбек өнімділігі жоғары жұмыс орындарын құруға және инвестициялар тартуға, сондай-ақ іскерлік ортаны жақсартуға аударылатын болады.

«Қалалық бизнес-қоғамдастықтың ұсыныстары мен тілектерін ескере отырып, біз бизнесті жүргізу шарттарын жетілдіре түсу үшін үнемі жұмыс істейміз. Бизнеспен сапалы коммуникация және онлайн-қызметтердің қол жетімділігін арттыру мақсатында almatybusiness.gov.kz веб-порталы іске қосылды. Бұл веб-портал кәсіпкерлердің өзекті сұрақтарына жауап табуға және түрлі сервистерді пайдалануына мүмкіндік береді», — деп атап өтті Ерболат Досаев.

Қала басшысы кәсіпкерлік ортаның өзекті жай-күйі мен қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіпкерліктің цифрлық картасын дамыту жалғасатынын айтты. Бұл құрал қаланың дамуына кешенді түрде қарауға, қаланың қандай да бір ауданында бизнестің шоғырлануы мен мамандануын бағалауға, сондай-ақ кәсіпкерлердің мемлекеттік қолдау шаралары мен инфрақұрылымға қажеттіліктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Қолайлы іскерлік орта құру шеңберінде инженерлік желілерді қосуға техникалық шарттар, құрылысқа рұқсаттар алу және басқа да сервистер сияқты көрсетілетін қызметтерді цифрландыру арқылы өңірлік

деңгейде рұқсат беру құжаттарын ұсыну рәсімдері оңтайландырылады.

КӘСІПКЕРЛЕРДЕН – СҰРАҚ,
ӘКІМНЕН – ЖАУАП

Шаһар басшысы Алматыдағы кәсіпкерлікке қатысты өзекті мәселелер жайлы айта келіп, кездесуге келген кәсіпкерлердің бірқатар сұрақтарына жауап берді. Көпті толғандырған сұрақтардың бірі қаладағы жерлерді пайдаланудың нысандық мақсатына қатысты болды. Осы орайда, Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің төрағасы Максим Барышев әкімге өзінің ұсынысын айтып, сұрақтарын қойды:

— Біріншісі, СТ-КЗ сертификаты бар алматылықтарға көмектесу үшін сыртқы жарнама төлемдерін алып тастауды ұсынамыз.

Екіншісі, Алматыға қосылған жаңа аудандардың көптеген жерлері пайдалану мақсаты бойынша шаруа қожалықтарына тиесілі. Осы жерлердің мақсатты пайдалану нысандарын өзгерту қажет деп ойлаймыз. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы министрлігімен жердің нысаналы мақсатын өзгерту кезінде ауыл шаруашылығы алқаптарының шығындарын өтеуді жою туралы мәселені пысықтау қажет.

Жауап: — Алматы әкімдігінің мемлекеттік жер қоры қазір нөлге тең. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту үшін біз Жер сатып алуға мәжбүрміз. Қаланың бас жоспары 2002 жылы қабылданды. Содан бері қала аумағы бірнеше есе өсті, тек ЕТЖК өзгерді. Егер біз жоспарлағанымыздай, қаланың бас жоспары жасалмаса, онда бұл проблемалар осылай қалады. Кодекс іспеттес дәл осы құжатқа сәйкес қала дамуы керек. Жер телімдеріне қатысты негізі бар шағымдар жиі түседі, бірақ мен оларға қатысты нақты шешімдер қабылдай алмаймыз. Бізге кәсіпкерлер көпқабатты тұрғын үй құрылысын салуға мақсатты түрде келеді, алайда дәл қазір көп жерлерде инфрақұрылым жоқ. Осы себепті, біз қазір жерлерді, инфрақұрылымдық желілерді және т.б. толық түгендеуді жүргізіп жатырмыз. Мен жер аукциондарын да, сәулет конкурстарын да өткізуге дайынмын, сонда қала ең жақсы жобаларды алуға мүмкіндік алады. Алайда, оларды қалай жүргізу керектігін ешкім білмейді, сондықтан біз қазір осы бағытта жұмыс жүргізіп жатырмыз. Бүкіл Қазақстанда Алматыдағыдай жағдай жоқ, біздің қаламызда жерлердің басым бөлігі жекеменшікке тиесілі. Мен заңды түрде жерді қала ресурсына қайтару үшін шешім іздеуге дайынмын. Мемлекет басшысы 2-ЖЭО маңында 104 гектар жер сатып алу туралы өтінішімді қолдады.

Алматы рестораторлар қауымдастығының сұрағы:

● КЕРЕК ДЕРЕК

2022 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Алматыда 262 мың шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, ШОБ кәсіпорындарының саны 33,7%-ға өсті. Биыл оларды дамытуға мемлекеттік және қалалық бағдарламалар аясында 47,6 млрд тенге бөлінді. 1,3 мыңнан астам жоба мақұлданды.

— Құрамына әкімдік қызметкерлері мен тұрғындар кіретін тұрғын үй комиссиясы келіп, бізге шағымданады, құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы айтады. Тұрғындардың ашық алаңдағы жазғы үстелдерге шағымдарына сілтеме жасай отырып, бізге жұмыс істеуге тыйым салады.

Жауап: — Тұрғындардан шағымдар түсіп жатыр. Мәселені әділ шешу үшін біз стационарлық емес тамақтану пункттерінің жұмысының жалпы ережелерін қабылдаймыз. Нақты сипаттамасы бар құжаттар болуы керек: кестелер саны, жұмыс режимі және т.б. Мен қазан айының соңына дейін ережелер бекітуге дайын болуы үшін тапсырма беремін. Оларды қабылдағаннан кейін рестораторлар мен қауымдастықтар жұмыс істеуге ыңғайлы болады.

Сұрақ: — Базарлар өздеріне іргелес тұрақтар мәселелері бойынша мемлекетке бірнеше рет жүгінген. Автотұрақтар бойынша жұмыс қалай ұйымдастырылады? Жекеменшік иесі мен бірыңғай оператордың айырмашылығы неде? Салықтар мен тұрақ бойынша басқа да аударымдарды төлеу кезінде делдалдардың болмауын, сондай-ақ, базарды жалға алушылар үшін тұрақ орындарын беруді сұраймыз.

Жауап: — Біз жакында «Alan Parking» ЖШС мен «Алматы спецтехпаркинг сер-

вис» ЖШС активтерін коммуналдық меншікке қабылдауды аяқтадық. Олар 100% коммуналдық кәсіпорын болады, бірыңғай оператордан түскен барлық кірістер жергілікті бюджетке түседі, ешқандай делдал болмайды. Мемлекеттік кірістер департаментінің ақпараты бойынша, өткен жылы 56 базар қала бюджетіне 1,8 млрд тенге, осы жылдың 8 айында 2 млрд тенге төлеген. Қаланың 56 базарының айналымы қаланың 2 жылдық бюджетіне тең және шамамен 2 трлн тенгеге бағаланады. Сондықтан маған паркингтер базарларға, әсіресе солтүстік айналым орналасқан жерлерге кетуі керек деп айтқан кезде, мен бұған келіспедім. Паркингтер коммуналдық меншікте қалады. Бүкіл әлемде әдеттегідей, автотұрақ активі қала әкімшілігіне қатысты болады. Ақылы тұрақтардан түсетін табыс қала тұрғындарының әлеуметтік қажеттіліктеріне жұмсалады. Жаңа құбырлар, инженерлік желілер, мектептер мен емханалар жергілікті бюджет есебінен салынатын болады. Әлеуметтік қажеттіліктер үшін қаланың әр түкпірінен әр тиынды жинаймын.

Сұрақ: — 1 қыркүйектен бастап Алматыда бастауыш сынып оқушылары үшін тегін тамақтану енгізілді. Бір балаға күніне 560 тенге есептелген. Алайда, бүгінде бұл сома жұмыс пен тамақ дайындауға кететін шығындарға жетпейді, өнімдерге ғана жұмсалады. Пандемиядан кейін кәсіпкерлер балаларды тамақпен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындау үшін несиені алады. Аванстық төлемдер мәселесін қарастыруға бола ма?

Жауап: — Біз 1 қыркүйектен бастап қаламызда алғаш рет бастауыш сынып оқушыларын тегін тамақпен қамтыдық. Мен бұл туралы жариялаған кезде кәсіпкерлер жоғары жүктеме болатынын түсінуі керек деп ойладым. Бюджетті қалыптастырудағы жауапты құрылымдар нарықтық бағаларға назар аударды. Бірақ бұл сұрақ өте орынды, өйткені бұл бағалау сәуір айында жүргізілген. Келесі жылға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде біз аванстық төлем мәселесін зерттеп, қарастырамыз.

Еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі — кәсіпкерлікті дамыту. Жыл басында Мемлекет басшысы кәсіпкерлермен кездесіп, экономикалық саясатты қайта жаңғырту қажеттігін, жаңа ережелер барынша адал, ашық әрі әділ болуы тиіс екенін айтқан еді. Қабылданған шешімдердің ашықтығы шынайы бәсекелестік, әлеуметтік жауапкершілік және бизнестің салықтық адалдығы сияқты қағидастарға негізделеді. Президенттің тапсырмаларын іске асыру үшін Алматыда прокуратура, «Атамекен», Антикор және заң қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобы құрылған болатын. Оның мақсаты — бизнеске көрсетілетін қысымды заңды түрде шектеу. Сондықтан бүгінде кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығының артуына да база назар аударылуда. Қала басшылығы мегаполистегі әрбір кәсіпкердің мәселесі назардан тыс қалмайтынын айтты.



ПІКІР. ТІЛЕК. ҰСЫНЫС



Бақытбек
ЖҰМАБАЕВ,
Алматы
қаласы
мәслихаты-
ның
депутаты,
АМАНАТ
партиясы
фракциясы-
ның мүшесі:

Түйткілді
мәселелерді
шешеді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында еліміздің әлеуметтік-экономикалық саясатын жаңғыртуға бағытталған шаралары өте маңызды екенін атап өткім келеді.

Кез келген бизнес үшін инвестиция құюға болатын қолайлы жағдай, ашықтық пен кәсіпкердің мүддесін қорғайтын заңнаманың болуы өте маңызды. Қазіргідей күрделі геосаяси жағдайда мемлекеттің ішкі саяси реформаларының орнықтылығы аса қажет мәселе. Жалпы, экономиканы дамыту, индустриалды-инновацияға бет бұру, шикізатқа тәуелділіктен арылу негізгі мақсаттар. Отыз жылдан бері талай бағдарламаларды қолға алдық. Бірақ көздеген мақсатымызға әлі де жете алмай келеміз. Дегенмен, бұл жолғы Жолдаудың жөні бөлек болды. Жолдауда баса айтылған дүниелердің бірі – елдегі еңбек өнімділігін көтеру. Бизнесің бәсекелестігін арттыра отырып, халықты жұмыспен қамтудың өзектілігі айтылды. Шикізатқа әлі де тәуелдіміз, еңбек өнімділігі төмендігі, инновация жеткіліксіздігін ескере отырып, оны шешудің нақты жолдарын көрсетті. Және де Мемлекет басшысы отандық бизнес үшін күрделі мәселелердің бірі – несиелестіруді қамтамасыз ету үшін нақты шешімдер табуы керектігін атап өтті.

Ел Президенті өз Жолдауында ең төменгі айлықтың 70 мың теңгеге өсетінін айтты, бұл 1,8 миллион азаматтың кірісіне тікелей әсер етеді. Бұл халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға жасалған маңызды қадамдардың бірі деп ойлаймын. Сонымен қатар, кең әлеуметтік сұранысты ескере отырып, әйелдердің зейнетке шығу жасы 2028 жылға дейін 61 жас болып бекітіледі.

Алдағы уақытта көліктерді жеткізудің барлық заңсыз арнасына тосқауыл қою үшін шешуші шаралар қабылдауы, оларды заңдастыру үшін 200–250 мың теңгеден аспайтын мөлшерде утилизация және бастапқы тіркеу үшін біржолғы алым алуды ұсынуы өте қуантарлық жағдай.

Сондай-ақ, Президент Қ.К.Тоқаев ұлттық табыстың игілігін халықтың барлығы бірдей көріп отырмағанын да айтты. Осыған орай, 2024 жылдан бастап, «Ұлттық қор балаларға» жобасы жұмыс істейтін болды. Бұл норма күшіне енген кезде, яғни 2024 жылы 18 жасқа толмаған барлық баланың атына арнаулы шот ашылады. Шоттағы қаражат шетел валютасында болатынын атап өткен жөн. Сонымен қатар, жинақ бойынша пайыздар есептеледі. Бұл шаралар шоттағы қаржыны инфляциядан қорғауға мүмкіндік береді. Осы өзгерістердің барлығын іске асыру сіз бен біздің қолымызда.

ЖОЛДАУ–2022

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ –
жарқын болашақ кепілі

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ұжымы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылап, жиын өткізді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Amanat партиясының Алматы аудандық филиалының ұйымдастыруымен өткен басқосуға Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ректоры Гүлмира Қанай, Алматы қаласы мәслихатының депутаты, Қалалық кардиология орталығының директоры Алмат Қодаспаев, Алматы қаласы бойынша ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының штаттан тыс маманы Асқар Жақыпов және аталмыш жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы мен белсенді студенттері қатысты.

Жиында ел экономикасының дамуы, білім мен ғылым, өркениет секілді өзекті мәселелер сөз болды. Саяси құжаттың ерекшелігі мен маңыздылығына тоқталған қатысушылар Мемлекет басшысының Жолдауы туралы ойларын ортаға салды.

– Мемлекет басшысының Жолдауында көтерілген мәселелер ұстаздар қауымын да бей-жай қалдырған жоқ. Өйткені, маңызды құжатта еліміздің білім беру саласына ерекше көңіл бөлінген. Білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несиелер беру, студенттерді жатақханамен, балаларды балабақшамен қамтамасыз ету, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттыру, олардың жалақысын көбейту секілді мәселелер көтерілді. Расында да білім беру жүйесі, Президентіміз айтқандай, ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады. Жолдауда Мемлекет басшысы «Біздің күшіміз – жастардың білімінде» деді. Демек,



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

жалпы жоғары білім беру саласы мамандарының алдында кәсіби кадрларды даярлау тұрғысынан мемлекеттің үмітін ақтау міндеті тұр. Біздің ұжым осы игілікті істердің нәтижелі болуы жолында қызмет ететініне сенімдімін. Өйткені, білім мен ғылымның дамуы – жарқын болашағымыздың кепілі. Жалпы, университетте қазір білім алып жатқан 8300 студент бар. Жыл сайын оқу ордасынан 2 мыңдай жас мұғалім түлеп ұшады, – дейді университет ректоры Гүлмира Әмірханқызы.

Мінберден сөз алған Қалалық кардиология орталығының директоры Алмат Қодаспаев Мемлекет басшысының Жолдауындағы медицина саласына қатысты айтқан пікіріне тоқтала келіп: «Халық денсаулығы – еліміздің белсенді дамуына, экономикасына, әсіресе әлеуметтік жағдайының жақсаруына ықпал етеді. Сондықтан Мемлекет басшысы кезекті Жолдауында еліміздің медицина саласына да ерекше мән берді. Жолдауда еліміздегі 650 елдімекенде емдеу мекемесі жоқ екенін айтты. «Алдағы екі жылда бұл ауылдарда медициналық және фельдшерлік-акушерлік бөлімшелер салынып, қажетті құрал-жаб-

дықпен толық қамтамасыз етіледі», – деді. Демек, алдағы уақытта миллиондаған адамның алғашқы медициналық-санитарлық көмек алуына мүмкіндік туады деген сөз. Білікті маман, білімді медицина қызметкерлерін дайындау үшін университет, медициналық ұйымдардың жағдайын жақсарту керек», – деді қалалық мәслихат депутаты.

– Қоғам арасындағы отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу қоғамда көптен бері тақыланып жүрген мәселе. Президентіміз Қ.Тоқаевтың биылғы Жолдауында отбасында жапа шеккендердің мүлдем қорғансыз қалатындығын тілге тиек етті. Университетімізде білім алатын 9000-нан аса қыздар – болашақ кәсібиленген педагогтар. Қыздар тек қана қоғамның азаматы ғана емес, олар сонымен қатар отбасының ұйытқысы, болашақ ана, жар. Сол себептен де, біздің университетіміздің әрбір білім алушы студенттеріне де Жолдаудың осы бағыты аса маңызды әрі өзекті деп санаймын, – дейді Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар және өнер институты, Тарих кафедрасының доценті, тарих ғылымының кандидаты Ақмарал Қожабекова.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Мән-маңызы жоғары құжат

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының мәжіліс залында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын талқылауға арналған «Дөңгелек үстел» болып өтті.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Басқосуды М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас директоры, ф.ғ.д., ҰҒА корреспондент-мүшесі, Алматы қалалық мәслихатының депутаты Кенжехан Матыжанов жүргізіп отырды. Жиынға институттың ғылыми қызметкерлері мен жас ғалымдар қатысып, Мемлекет басшысының Жолдауы туралы өздерінің пікірлерін ортаға салды.

Атап айтқанда, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д. Нұрдіулет Ақыш «Ұлттық құндылықтарды құнттайық», институттың

«Сыртқы әдеби байланыстар және аналитика» бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Светлана Ананьева «Гармонично развитое общество: качество образования и знаний», институттың бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор Алимжан Хамраев «Жолдау – жаңа өзгерістердің бастауы», институттың бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы Гүлжан Орта «Қуатты ұлттың дінгеі – халық», институттың ғылыми қызметкері, PhD докторанты, Алматы қалалық мәслихаты депутатының көмекшісі Олжас Жолдыбай «Жолдаудың әлеуметтік мән-маңызы», институттың «Жас ғалымдар» кеңесінің төрағасы Нұр Мағзбеков «2022 жылғы жолдау: әлеуметтік маңызы мен тарихи рөлі», институттың ғылыми

қызметкері, PhD докторанты Айдана Жұматаева «Президент Жолдауы – Жаңа Қазақстан бағдары» және институттың ғылыми қызметкері Алмас Оралбек «Президент Жолдауы – Жаңа Қазақстан азаматтарының санасы мен дүниетанымының қозғаушы күші» атты тақырыптарда баяндама оқыды.

Жолдаудың әлеуметтік және рухани бастамалардың өзегіне айналатыны, болашаққа сенім беретіндігі жөнінде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы Нұрдіулет Ақыш айтты.

– Ел басшысының Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауы елдің мерейін асырып, көптен күткен мәселелерге бет бұрды. Соның ішінде экономикалық бағыт-бағдарды айтпай өте алмаймыз. Бұл тұста да жастарға қолдау, халықтың табысын арттыру жағдайы айтылды. Ойымызды түйіндеп айтқан бұл жолғы Жолдау басқасынан өзгереді болды. Сондықтан бәріміз қолдауымыз керек, – деді Н.Ақыш.

Сонымен қатар, Жолдаудың білім саласына қатысты тұсы сөз болды. Ол туралы филология ғылымының докторы Гүлжан Орта айтып берді.

– Мемлекет басшысының дәстүрлі Жолдауы елдің ал-ауқатына, өркендеп өсу жолына бағытталған. Дәлірек айтқанда, білім саласына қатысты айтқандарын тілге тиек етпейміз. Осыдан біраз уақыт бұрын Еуропа елдерінде іссапарда болдық. Сонда бізге қазақтың жасіттері көп ұшырасты. Бізді көрсала апайлап жақындап, тілмаш болып, бірнеше тілде емін-еркін сөйлейтіндігін байқатты. Мұның бәрі біздің азаматтардың білімге құштарлығын көрсетеді. Сондықтан білім-ғылымды дамыта берген жөн деп санаймыз, – деді ол.

Жиынды институттың бас директоры Кенжехан Ісметжанұлы «Жолдаудың Жаңа, Әділетті мемлекет құру, біртұтас ұлт кредосына арқа сүйеу, берекелі қоғам қалыптастыру сынды стратегиялық қадамдары ел көңілінен шығып, жемісті нәтижелер береді деп сенеміз» деген сөзімен қорытындылады.



АЙТЫС

СҰЛУ ЖЫРДЫҢ САЛТАНАТЫ



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Қала күніне орай «Алатау» дәстүрлі өнер театрының сахнасында «Жекпе-жек айтыс» өтті. Аламан додаға Алматы қаласының әкімі Е.Досаев қатысты. Қазақтың қанына сіңген бекзат өнерді тыңдамайтын адам кемде-кем. Көптің шөлін қандырған, сөзді жаңбырша жаудырған жыр додасында 4 жұп өнер көрсетті.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.

Жыр додасында бақ сынаған ақындар ару қала Алматыны жырға қосты. Еліміздің бүгінгі күнге дейінгі тарихы мен даму белестерін, жетістіктерін өлеңмен өрнектеді. Халықтың көкейіндегі мәселелер мен шыр-мауы шешілмеген жайттарды шебер қозғады. Төл өнерге шөлдеген тұрғындар мен қала қонақтарының құлақ құрышын қандырды.

«Жөргегінде жыр қасиетін емін, «сөз құдіретін өз құдіретім» деп таныған қазақ үшін ұлтымыздың ұлы мұрасына баланатын айтыс өнерінің орны бөлек. Сондықтан болар, сұлу сөзге сусап келген тыңдарманды сүмбіле жырдың суатына сүйрей жөнелетін айтысымыздың бәсіресі сәтке де болса биік-

тен құлап көрген емес. Алматы азаттықтың алтын бесігі ғана емес, сұлу жырдың салтанат құрған аяулы шаһары. Ұлт өнерін қолдау бәрімізге ортақ борыш», – дейді Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов.

Сахнаға алғашқы жұп болып Абай облысынан келген Айшолпан Тілеутай мен Орал қаласынан келген Мұрадым Мирланов өнер көрсетті. Айтыстың шымылдығын түрген алғашқы жұпқа сөз бастау қиынға соқпады. Айтыстың алааманында орамды ой, сүбелі сөз сөйлеп танылып жүрген Айшолпан қызымыздың сөздері көптің көңілінен шықты. Қарсыласы батысқазақстандық жас ақын Мұрадым сөздерімен елдегі мәселелерді түй-

дек-түйдегімен айтып, жұртшылықты желпіндіріп отырды.

Екінші жұптың айтысы да көпшілікке салмақты ой салып, жырға шөлдеген жандарды сөз құдіретімен сусындатып отырды. Республикалық, халықаралық айтыстардың жүлдегерлері сөзден түйін түйді. Алматы қаласының атынан шыққан Қазірет Бердіхан мен Кереку өңірінен Аспанбек Шұғатаев бақ сынасты. Былтырғы жылы «Асыл домбыра иегері» атанған Қазірет Бердіхан отты жырларымен еркін көсілді. Талай додаларда ысылған жігітіміз көкейде қалған ойларды оятты, ел мерейін асырды. Алайда, қарсыласы Аспанбек те қалыспады. Ол сүбелі сөздер-

мен Қазіретті қапыда қалдырды. Тең дәрежеде өнер көрсетіп, рухани қазынамыз төл өнерді дәріптеді. Айтыстың көркін қыздырып, тұрғындардың көңілінен шыққан ақындарға әділқазылар алқасы жоғары баға берді.

30 жылдан астам формасы өзгермейтін айтыс өнерін жаңа арнаға салып, бабалардан қалған жекпе-жек айтыс өнерін қайта жаңғыртып жүрген театр ұжымының еңбегі орасан. Айтыс өнері мен ақындар мәртебесін көтеруге сүбелі үлес қосқан Мәдениет басқармасын да атап өткеніміз жөн болар. Алты сағатқа созылған аламан бәйгеңің бас жүлдесін жерлесіміз, алматылық Хазірет Бердіхан иеленді. Жүлде қоры 3 миллион теңгені құрады.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?



Бізге туған жеріндегі қандай да бір саланың дамуына сүбелі үлес қосқан азаматқа берілетін үлкен марапат бар.

Ол – «Құрметті азамат» деген атаумен берілетін төсбелгі. Мұндай мәртебені қалалық мәслихат депутаттарының қолдауымен, қала әкімі шешім қабылдап, жыл сайын бірқатар адамға тапсырады. «Құрметті азамат» деген атақты беру кенес дәуірінде де болған. Бұл үрдіс қазір де жалғасып келеді.

Бүгінде «Алматы қаласының Құрметті азаматы» деген атаққа алматылық 46 азамат ие. Олардың барлығы мұндай құрметке Алматыға ғана емес, елге сіңірген еңбегі үшін лайық деп танылған жандар.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ



Досбол
АТАЖАН

Аудан тұрғындары асыға күткен мерекелік іс-шара сағат 11.00-де басталады.

Іс-шара барысында эстрада жұлдыздары мен аудан өнерпаздарының 2 сағаттық концерттік бағдарламасы, аудандағы 10 мектеп оқушыларының алмадан жасаған түрлі мүсіндері мен тағамдарының көрмесі, мерекелік шараға келген қала қонақтары мен тұрғындарына тегін алма тарату шарасы, жасөспірімдер арасында таэквондодан турнир, балалар арасында ұлттық спорт түрлерінен жарыс (асық ату, арқан тарту, тымақ ұру, т.б.), аудандағы көпбалалы аналардың қолдан жасалған бұйымдарының көрмесі, колернер бұйымдары шеберлерінің көрмесі, жас суретшілердің сурет көрмесі, қоғамдық тамақтану орындары ұйымдастырылады.

Іс-шараны өткізу орнында құқықтық тәртіпке жауапты қызметкерлер қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, спорттық жарыстар өткізілетін орындарда қатысушылардың медициналық қауіпсіздігі, қоғамдық тамақтануды бақылау жолға қойылған.


ҚЫЗЫҚТЫҢ БӘРІ ОСЫНДА

Наурызбай ауданының тұрғындары
Қала күнін әкімдік алаңында атап өтеді



ФОТОЭТЮД

БҮТІНГІ ҚЫЗ – ЕРТЕҢГІ ӘЖЕ



Ару Алматының көшелерін жаяу аралаған бір ғанибет! Себебі, жасыл желекке, гүлдерге оранған шаһарда қазақы нақыштағы көз тоқтатарлық мүсіндер, орнаменттер жетіп-артылады.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Қала көшелеріне көрік беріп тұрған сондай қазақы нышандардың бірнешеуін түсіріп алған едім. Мәселен, жерасты жолының үлкен қабырғасына бедерленген мына сырғалы бойжеткеннің бейнесінде нәзіктік, сұлулық, қазақ даласындай кеңдік бар. Ал қоладан құйылған «Әжесі мен немересі» әлденені қызу әңгімелеп барады. Бәлкім, тақиялы бүлдіршін кимешекті әжесінен қолтығына қысқан қоңыр домбыраның қасиетін, ерекшелігін білгісі кеп, сұрақтың астына алып келе жатыр ма екен, кім білсін. «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өс-

пейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демекші. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержеткізгенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жылдаса да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген ұлы Абайдың сөзін еске алсақ, бұл балдырғаннан ертеңгі күні дана ана шығар, бәлкім!





ЛЕБІЗ

Ержан
СЕЙТЕНОВ,
Алмалы
ауданының
әкімі:



МЫҢ БОЯУЛЫ АЛМАТЫ!

Алматы – даму мен өркендеудің даңғыл жолына түскен заманауи қала. Бүгінде алып шаһар инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, инфрақұрылымды дамыту, шағын және орта бизнесті өркендетуде ірі жобаларды қолға алып, нақты істерді жүзеге асыруда.

Алмалы ауданы мегаполистегі халық ең тығыз қоныстанған аудан. Мұнда қала халқының 11%-ы, яғни 224,5 мың адам тұрады. Сонымен қатар, Алмалы – Алматының мәдени және ғылыми орталығы және қаланың жасыл желекке бай аудандарының бірі. Бүгінде аудан аумағында 1 саябақ, 22 сквер, 24 бульвар және жасыл аймақтар бар. Ажарлы қаланың көркін айшықтайтын осындай саябақтарда алматылықтардың серуендеп жүргенін көргенде, балалардың алаңсыз күлкісін естігенде қуанып жатамыз.

Ауданымызда Қала күні мерекесі «Сүйем сені, Алматы» тақырыбында өтетін стрит фестивалінен бастау алып, «Ганди» саябағында, Арбатта, Астана алаңында жалғасады. Сондай-ақ, мереке қарсаңында қаламызды таза ұстауға тұрғындардың ынтысын арттыратын шаралар да ұйымдастырылмақ. Ауданда жалпықалалық сенбілік өтеді. Алда Қарттар айлығы келе жатыр. Бұл күндері ауданымыздағы жалғызбасты, тұрмысы төмен, зейнет жасындағы қариялардың үйлерінің аумағына тазалық жүргізіледі. Балалар жылы аясында ауданымыздың кішкентай тұрғындары да мерекеден тыс қалмақ емес. Бүлдірішіндерге арнап түрлі ойын-сауыққа құрылған шаралар өткізіледі.

Сіздерді күндіз күні күліп, түнде айы жарқырап тұратын Алматының төл мерекесі – Қала күнімен шын жүректен құттықтаймын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Алаштың Алматысы көркейе берсін!

Алтай
РАХИМБЕТОВ,
Бостандық ауданының
әкімі:

ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ
МЕЗГІЛІНДЕ ДЕ ӘДЕМІ

Бостандық – Алматының ең байырғы және ең берекелі аудандарының бірі. Мегаполистегі еңселі де көркем саябақтардың біразы бізде орналасқан. Алматылықтардың, бізге келетін меймандарымыздың ару қалада серуендейтін қоғамдық орындары да аз емес. Мен, мәселен, отбасыммен түнгі Алматыны аралағанды ұнатамын. Құшағы да, тынысы да кең қаламыз күні бойғы шаршағанды басып, жанына тыныштық сыйлайды. Ертеңгі күнге жаңа күш-қуат беретінін сеземін. Серуендеп жүрген ата-әжелерді, көңілді жастарды, тәп-тәтті балдырғандарды көріп, бейбіт те жайлы өмірімізге шүкіршілік айтамын.

Иә, мемлекет бар жақсыны еманда әлеуметтің, оның ішінде балалардың игілігі үшін арнап келеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Жолдауында да «Қазақстанның ең басты байлығы – алтын, мұнай, газы ғана емес, жанарған өмірге сай жаңа сападағы білімді, еңбекқор халық» деді. Осы бағытта 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасалатынын айтты. Нәтижесінде апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесі толық шешілмек. Балаларды балабақшамен қамту мәселесі де түпкілікті шешіледі деп ойлаймыз. Әділетті Қазақстанды жасайтын білімді һәм ұлағатты ұрпақ.

Мен үлкенді де, кішіні де Қала күнімен шын жүрегіммен құттықтаймын! Әсем Алматы бәрімізді құшағында тербетіп, мейіріміне бөлей берсін. Жылдың төрт мезгілінде де әдемілігін жоғалтпайтын, қайта жылдан-жылға түрленіп, көркейіп келе жатқан Алматының жұлдызы қашанда биік болғай деп тілеймін.

МӘДЕНИ ОРЫНДАР

АРУ АЛМАТЫНЫҢ 5 КЕРЕМЕТІ

Мереке күндері алматылықтар көп баратын мәдени орындар



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Кеше бастау алған мерекелік іс-шаралар осы демалыс күндері бір мезетте қаланың барлық аудандарында жалғаспақ. Алматылықтар мен қала қонақтары сенбі-жексенбіде музейлер мен концерт залдарына, театрларға, саябақтарға барып, түрлі ойын-сауық кештерін, сахналық қойылымдарды, кинотуындыларды, фестивалдарды тамашалап, жәрмеңкелерді аралап, талай-талай қызықты өнер мерекелерін тамашалай алады.

АЛМАТЫНЫҢ СИМВОЛЫ –
КӨКТӨБЕ

Қаланың ең көрікті әрі демалушылар үзілмейтін таңғажайып орындардың бірі. Жастар көп барады. Сырттан, шетелден келген қонақтар Көктөбеге соқпай кетпейді. Ең биік нүктесі теңіз деңгейінен 1100 метр жоғары орналасқан. Аспалы жол арқылы көтеріліп, Алматы тауларының әдемі көріністерін көре алады. Көктөбеге, әсіресе, түнде келушілердің қарасы қалың.

Әр алуан түсті жарықтарға толған кезде қала айрықша әсем көрінеді. Көктөбе – таза ауа мен бостандықты сезінетін жер ғана емес, сондай-ақ достардың кездесетін, ғашықтардың серуендейтін, балаларымен демалып, уақытты жақсы өткізетін орны.

Көктөбе аумағында шағын зообақ, жартасқа өрмелеу алаңы, мейрамхана, концерт залы және өзге де нысандар орналасқан. Әткеншектер де балалар қуанышына айналған. Көктөбеге кешкі уақыттарда келсеңіз, ерекше күйге енесіз.

Алма пішінінде жасалған «Тілектер» фонтаны, балалар қалашығы, скалодром, «Fast Coaster» аттракционы, кішігірім хайуанаттар бағы, көркем сурет галереясы, кәдесыйлар, шәйхана орналасқан.

2007 жылы Көктөбеде Алматылық мүсінші Ә.Казарянның «Битлз» рок-тобына арналған ескерткіші ашылды. Ескерткіште – қолына гитара ұстап, орындайтын Джон Леннон мен оның аты аңызға айналған әріптестері Пол Маккартни, Джордж Харрисон, Ринго Старрдың мүсіні бейнеленген. Қоладан құйылған «Битлздықтар» – түпнұсқалардың дәлме-дәл көшірмесі, ол атақты ливерпульдік төрттіктің рухы мен көңіл күйін, стилистикасын көрсетіп тұр.

ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ САЯБАҒЫ

Саябақтың жалпы аумағы – 73 гектар. Құрылысы 2001 жылы басталған саябақтың ашылғанына көп уақыт өтпесе де, алматылықтар мен қала қонақтарының жиі келетін сүйікті мекеніне айналып үлгерген. Алматы қаласының бірегей табиғи көрінісін және ХХІ ғасырдың ғылыми жетістіктерін біріктіру мақсатында құрылған саябақ. Саябақ жобасын жетілдіру барысында халықтың таза ауада демалуы үшін жайлы жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылған табиғи (жер бедері, өсімдіктер, су) және жасанды сәулет-инженерлік құрылыстардың жиынтығын қамтитын жасыл көшеттер жүйесін құру принциптері негізге алынған.

«ШЫМБҰЛАҚ»
ТАУ ШАҒЫ ШИПАЖАЙЫ

Іле Алатауы шатқалында 2510 метр биіктікте орналасқан. Таудың ғажап көрінісі, қалың қар мен жайлы климат адамға сергектік сыйлайды. Тау шаңғы спортын сүйетіндер үшін мұнда кез келген деңгейдегі шаңғы трассалары мен тау баурайлары, ыңғайлы көтергіштер және шаңғы мектебі бар. Сондай-ақ, бұл шипажайда қонақүй, мейрамхана, боулинг және монша сынды демалуға арналған барлық нысандар қамтылған. Шуақты күндері Шымбұлаққа келетін демалушылардың санында есеп болмайды.

МЕДЕУ

Дүние жүзіндегі жасанды мұз айдыны ең ірі спорт кешені. Қаладан 18 шақырым жерде, Кіші Алматы шатқалында орналасқан. Әлемдік деңгейдегі 150-ден аса үздік спорттық рекордтар жасалды. Соңғы жылдары спорт кешенінің қызмет көрсету аясы кеңейтілді. Мұнда футболдан, волейболдан және баскетболдан жарыстар өтіп тұрады. Алып мұз айдыны – тек спорт жарыстарын өткізетін алаң ғана емес, қала тұрғындары мен қонақтарының әсем табиғат аясында демалатын орны.

«СҰҢҚАР»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАҒҒЫ
ТРАМПЛИНДЕРІ КЕШЕНІ

Әлемдегі үздік трамплиндердің үштігіне кіреді. 2010 жылдың қыркүйек айында ашылды. 2011 жылғы Қысқы Азия ойындарына орай салынған. 2017 жылғы Бүкіләлемдік қысқы универсиада кезінде де бұл трамплиндер қайтадан спорт додасының қанаған қазынасына айналды. «Сұңқардың» спорттан бөлек, мәдениетке де сіңірген еңбегі зор. Аты аңызға айналған «Алматы – ең алғашқы махаббатым» ретро-фестивалі де «Сұңқар» қанатының астында өтті.

Кешеннің жалпы ауданы – 15137 шаршы метр, ашық стадионның сыйымдылығы – 5200 көрермен, үлкен трамплиндердің биіктігі – 125 және 90 метрді құрайды.

Трамплиндер кешені екі бөлімнен тұрады. Біріншісі – халықаралық жарыстар үшін, ал екіншісі оқу жаттығуларына арналған. Бұл екеуінен бөлек «Сұңқарда» тағы бес трамплин бар. Олар әлемдегі халықаралық деңгейдегі ең үлкен трамплиндердің бірі саналатын К-125, К-95 және балаларға арналған К-60, К-40, К-20. Аталғанның барлығы әмбебап, әрі қарсыз да секіре беруге болатын жасанды жамылғымен қапталған.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Қасқыр мен
жеті лақ»

Өтетін орны:
Алматы қ., Мемлекеттік
куыршақ театры.
Автор: М.Супонин.
Режиссері:
С.Мақұлбеков.
Ұзақтығы: 45 минут.
Жас санаты: 6+.
Тұрақ: бар.
Күні мен уақыты:
17 қыркүйек, 14.00.



«Туған ел» көрмесі

Өтетін орны: Ә.Қастеев
атындағы мемлекеттік өнер
музейі.
Күні мен уақыты: Көрме қазан
айының 12-сіне дейін жалғасады.
Жас санаты: 3+.
Көрмеде: Поэтикалық «Тәңіртау
исесі» туындысында әлемдегі
сирек кездесетін тұз тағысы тау
барысының секпілді ақшыл
келбетімен алып бейнесі қар
басқан биік таулар және
Хан тәңірі шыңымен үйлесім
тауып тұр.

Димаш Кұдайберген
Алматыда

Өтетін орны:
Орталық стадион,
Абай даңғылы, 48.
Сыйымдылығы:
3000 адам.
Күні мен уақыты:
23 қыркүйек, 20.00.
Назар аударыңыз!
COVID-19
инфекциясының
таралуын
болдырмау үшін
мекемде келушілер
Ashyq жүйесі
арқылы тексеріледі.



«Алматы – Тәуелсіз Қазақстанның іргесі қаланған қастерлі мекен. Бәріміз үшін бұл шаһардың орны бөлек. Мұнда ел тағдырына қатысты маңызды әрі тарихи шешімдер қабылданды. Ата Заңымыз, мемлекеттік рәміздер, ұлттық валютамыз осында бекітілді. Бүгінде Алматы – білім, ғылым, мәдениет және іскерлік орталығы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӨНЕР



Әйгілі «Дос-Мұқасан»

«Алматы түні» көрмесі осы ансамбль туралы сыр шертеді

«Дос-Мұқасан» ансамблі құрылғанда дүние есігін ашқан нәрестелер биыл елу бес жасқа келді. Содан бері бір ғана емес, бірнеше буынды әдемі әндерімен тәрбиелеп, әуенімен тербетіп келе жатқан әйгілі «Дос-Мұқасан» ансамбліне де биыл 55 жыл толды. Жарты ғасырдан асты, бірақ өзі де, әндері де ұмытылған жоқ, қайта жылдар жылжыған сайын жұлдызы биіктей түскен.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Осынау шыққан биігінен аласармай келе жатқан топтың құрметіне былтыр «Қазақфильм» «Дос-Мұқасан» атты көркем фильм түсірген болатын. Кинокартина осы айдың соңына таман еліміздің барлық кинотеатрында көрсетіле бастайды. Ал алдымызда келе жатқан қазан айында Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен мегаполис төрінде «Дос-Мұқасан» аллесе ашылмақ. Бұл туралы кеше Алматы музейінде аты аңызға айналған ансамбльдің мерейтойы құрметіне және Қала күніне орайластырылып ұйымдастырылған мәдени көрмеде ансамбльдің көркемдік жетекшісі Мұрат Құсайынов сүйіншілей хабарлады.

Көрменің ашылу салтанатында Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Айдарұлы сөз сөйлеп, М.Әуезовтың музей-үйінің директоры Дияр Қонаев, Сәтбаев университетінің проректоры Мансұр Әлімханов,

Композиторлар одағының төрағасы Артық Токсанбаев және Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

директорының орынбасары, «Дос-Мұқасан» ансамблінің қазіргі құрамының бас гитарисі Есқайыр Абаханов та лебізін білдіріп, естеліктерімен бөлісті.

«Дос-Мұқасанның» кешегісі мен бүгінгі де, барлық жетістігі Алматымен тікелей байланысты. Ансамбль осы ару қалада 1967 жылы Қазақ политехникалық институты жанынан құрылды. Сол жылдары Павлодар облысының Баянауыл ауданында институттың құрылыс жасағы үй салады. Құрылыс жасағында жүріп, өнерлі жас студент жігіттер – Досым Сүлейсөке, Мұрат Құсайыновқа, Хамит Санбаев пен Александр Литвиновқа заманауи эстрадалық ансамбль құру туралы ой келеді. Ансамбльдің атауы да осы жігіттердің есімдерінің бастапқы буындарынан құралған. Оның құрамында болған жігіттер осы Алматыда оқып, білім алып, отау құрып, өсіп-өнді.

Көрмеде ансамбльдің жеке мұрағатында сақталған 200-ден астам экспонат: сахналық костюмдер, музыкалық аспаптар, марапаттар, концерттік афишалар, фотосуреттер мен естелік сыйлықтар қойылған. Сонымен қатар, көрмеге Павлодардағы С.Торайғыров

атындағы мемлекеттік университеттің мұражай кешенінің құрамындағы «Дос-Мұқасан» мұражайының құнды экспонаттары арнайы алдырылған.

«Дос-Мұқасанның» бір жылдары Республика сарайында өткен жеке концерттің бақандай он күнге созылғаны туралы деректер бар. Көрерменнің көптігінен зәулім сарайдың есік-терезесі сынған дейді. Тіпті, халықтың ықыласының шексіздігі соншалық, үш адам бір орындыққа отырған.

Қазақстаннан шетелдерге шығатын мемлекеттік делегацияларының құрамында елдің мәдени келбеті ретінде «Дос-Мұқасанның» да жігіттері жүрген. Иә, талай бозбала осы азаматтарға карап ойын да, бойын да түзегені анық. Олардың «Қуә бол», «Той жыры», «Құдаша», «Дударай», «Әпінтөк», «Он алты қыз», «Су тасушы қыз», «Ақ сиса», «Бойжеткен», «Ғашықтар әні», «Алматы түні» әндерін қалада да, далада да хитқа айналдырған сол өнерді сүйетін адал көрермендері.

Алматы музейінде ашылған көрмеде осы аяулы күндерден сыр шертер экспонаттар сіздерді де қызықтырады деген сенімдеміз.

ЛЕБІЗ

Санжар ТОҒАЙ,
Наурызбай
ауданының әкімі:

ТІРЛІГІМІЗ
ТҮЗУ
БОЛСЫН!



Бүгінде Қала күні барлығымыздың ортақ мерекемізге айналып келеді. Өйткені, Алматы тек алматылықтар үшін ғана емес, бүкіл еліміз үшін елеулі қала. Алатаудың алтын алқасы, Орталық Азияның інжу-маржаны атанған Алматымыз қазіргі таңда экономикасы серпінді дамып, тұрақтылық пен өркендеудің нағыз үлгісіне айналды. Осы тұрғыда ауданымыз да қарқынды дамып, гүлденіп келеді.

Наурызбай ауданы құрылғаннан бері инвестициялар тарту көрсеткіштері 16 есеге, салық түсімдері 45 есеге өссе, өнеркәсіп көлемі былтырғы жылмен салыстырғанда 31 пайызға өсті. Тұрғындарға тиімді болсын деп өздеріңізге белгілі Абай даңғылы ұзартылды, алдағы уақытта ұзындығы 600 метр етіп тесу жалғастырылатын болады. Оған қоса, Төле би көшесінің жоспарлы тесілуін кезек-кезеңмен жүргізетін боламыз.

Аудан құрылғалы бері 438 тұрғын үй, 3 мектеп, 3 балабақша, 3 емхана, модульдік орталық, жедел жәрдем станциясы салынды. «Бюджетке қатысу» жобасы аясында 104 жоба іске асты. Сонымен қатар, 4,75 га алаңда кез келген жастағы және талғамға сай ойын-сауықтың 30-дан астам түрі салтылған «Әлем парк» отбасылық саябақтың ашылу салтанаты ертең өтеді. Келем деушілерге есік ашық.

«Шұғыла» шағынауданында 15 га жер учаскесінде келесі жылы мектеп, балабақша, 500 келушіге арналған емхана, 100 келушіге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені, теннис орталығы және өрт сөндіру депосының құрылысы жоспарлануда.

Бүгінгі ақ ниеттер мен ізгі тілектер тоғысқан сәтте барлығыңызды Қала күнімен құттықтай отырып, бақытты өмір, ынтымақ пен бақ-береке тілеймін!

Мереке құтты болсын, ағайын!

Бақытжан
АҚЖАРОВ,
Түркісіб
ауданының
әкімі:



ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Тарихы тереңде жатқан шаһарымыздың туған күнін атап өту алматылықтар үшін үлкен қуаныш. Алатаудың бауырындағы ару Алматы әр қазақстандықтың жүрегінен ерекше орын алатын қала. Әдебиет пен мәдениеттің қайнап жатқан ортасы, өркениет пен өнердің, білім мен ғылымның ошағы, дарынды тау тұлғалардың мекені болып саналатын қаламыз жылдан-жылға құлпырып, әлемнің ең дамыған қалаларымен терезесі тең деңгейге жетті.

Алматының сұлуланып, түрленуіне, өсіп-өркендеуіне біздің Түркісіб ауданы да үлкен үлесін қосуда. Ауданымызда қала тұрғындарының жайлы өмірі үшін көптеген ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мектептер мен балабақшалардың саны артып келеді, жолдар жөнделіп, жалпы инфрақұрылым мәселесі, халықтың жұмыспен қамтылуы оң шешімін табуда. Ауданымызда саябақтар мен гүлзарлардың саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Жасыл желегі жайқалған, көшелері таза қалада өмір сүру үшін ауданымыздың әр тұрғыны өз үлесін қосуда. Алматының болашағы өз қолымызда.

Осынау үлкен мерекеде әрбір алматылықтың отбасына амандық, береке-бірлік тілеймін, алар асуларымыз көп болсын!

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«Сенің шыңың»
иммерсивті аудио
қойылымы

Өтетін орны: Медеу мұз кешенінің жанындағы субұрқақ.
Күні мен уақыты: 21 қыркүйек, 19.00.
Продюсерлер: Анна Шелепова, Маргарита Боярова.
Ұзақтығы: 80 минут.
Бағдарлама: Маршрут кіру деңгейіндегі тау жолымен өтеді.
Дайын болыңыз: жабық ыңғайлы аяқкиім киіңіз, үлкен сөмкелер алмаңыз, ауа райын назар аударыңыз, тауларда температура қалаға қарағанда төмен.
Жас шектеуі: 12+.



«Қазақтар өзге
ғаламшарлықтарға
қарсы»

Өтетін орны: Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.
Күні мен уақыты: 20, қыркүйек 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.
Өндіріс елі: Қазақстан.
Режиссері: Ален Ниязбеков.
Басты актерлер: Бауыржан Сатов, Жұлдыз Өміргали, Дәурен Сергазин, Жахан Утарғалиев.
Жанр: фантастика, комедия.
Ұзақтығы: 105 минут.
Жас шектеуі: 6+.



«Самал сабын жасау»
шеберлік сағаты

Орналасқан жері: Алматы қ., Қабанбай батыр к-сі, 140 А, pictor кескіндеме студиясы.
Күні мен уақыты: 18 қыркүйек, 14.00.
Ұзақтығы: 2 сағат.
Жас мегі: 6+.

Әзірлеген
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.



ЖОЛДАУ-2022

ЖАҢА БАСТАМАЛАРҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1 қыркүйекте халыққа арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауы талқыланды.

Қазақстандық франчайзинг қауымдастығының Президенті, жазушы, қоғам қайраткері, саясаттанушы, Қоғамдық кеңес комиссиясының мүшесі Бекнұр Қисықов Мемлекет басшысының экономиканы модернизациялау, бюджет, салық және кеден салаларын, денсаулық сақтау, білім беру, энергетика салаларын реформалау, бизнесті дамыту және сот жүйесін реформалау жөніндегі бастамалары Әділетті Қазақстанды құруға бағытталғанын атап өтті.

Сондай-ақ, ол бүгін Парламент палаталарының бірлескен отырысында Конституцияға президенттік сайлау туралы түзетулер бекітілгенін еске салды.

«Біз демократияландыру жолында жаңа қадамдар жасадық: біз қайта сайлану құқығынсыз бір реттік президенттік мерзім енгіздік. Президенттік өкілеттіктің бір реттік мерзімі Конституцияның жаңа нормаларының өзгермейтіндігін белгілеу арқылы қамтамасыз етіледі. Қазақстанда



кезекті президенттер ауысады – 20 жылда 3 президент ауысады», – дейді Бекнұр Қисықов.

Сарапшы Президенттің «Мүмкіндіктер теңдігі және баршаға әділеттілік» деген үндеулері тек ұран емес, іс-әрекеттің бағдары екенін атап өтті.

«Озық елдерді дамытудың негізінде әлеуметтік әділеттілік жатыр. Бұл халық үшін әлеуметтік әділеттілік пен теңдік, бұл елдердің дамуының негізгі драйверлері. Себебі, дамыған елдерде демократиялық қоғам да дамып келеді. Қоғамда оның мемлекетті басқаруға толыққанды қатысуына мүмкіндік беру керек. Осы парадигмада мен

Президенттің тәсілдерді жаңарту және халыққа Мемлекетті басқаруда толыққанды мүмкіндік беру қажеттігі туралы баяндамасын көріп отырмын. Мұны МИБ, ауылдық кеңестер, қоғамдық кеңестер, мәслихаттар деңгейінде де, Мәжіліс деңгейінде де іске асыруға болады. Бұл органдарда халықтан шыққан адамдар, елін қолдайтын, ұлтжанды азаматтар болуы керек. Яғни біздің еліміздің өркендеуіне күш-жігерін аямайтын адамдар болуы тиіс. Экономист ретінде әлеуметтік инклюзия мен ашықтық әл-ауқаттың өсуін қамтамасыз ететінін көріп отырмын», – дейді Б.Қисықов.

ДИАЛОГ АЛАҢЫ

«Жастар рухында» 4 мыңнан астам белсенді бар

Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз орталығында «Жастар рухы» партиясы жастар қанаты белсенділерінің қатысуымен диалог алаңы өтті. Алматыдағы «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Әкежан Кеңесов Президент өз Жолдауында өскелең ұрпаққа ерекше көңіл бөленгін атап өтті.

ӨКҚ баспасөз-конференциясында Әкежан Кеңесов «Аманат» партиясы жастар қанатының кезектен тыс VI съезінде жаңа бағдарлама қабылдап, орталық кеңестің құрамын, «Жас Отан» атауын өзгерткені туралы еске салды.

«Рух» ұғымы халқымыз үшін қасиетті құндылықтар екенін айта кеткен жөн. Бұл атаудың мағынасы өте терең, үлкен жауапкершілік жүктейді.

«Аманат» партиясының жастар қанатының трансформациясы жай ғана атауды өзгерту емес. Жаңғыру үдерісіндегі жастардың ерекше рөлін көрсететін, құндылықтар мен ұстанымдарды айқындайтын жаңа Жастар бағдарламасы қабылданды. Біздің белсенділер Мемлекет басшысының реформаларын қолдап, еліміздің барша жастарының басын біріктіреді», – деді Әкежан Кеңесов.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, көзі ашық, көкірегі ояу



азаматтар елді алға бастайды, ал болашақтың кілті цифрлық технология мен инновацияда. Ол бірнеше тіл біліп, түрлі кәсіп игеру жастардың қолынан келетінін тілге тиек етті. Еліміз бәсекеге қабілетті болуы үшін халқымыздың әл-ауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсарту керектігін айтты.

«Мемлекет басшысының айтуынша, білімді әрі білікті өрендер ғана биік мақсатқа жете алады. Елге тірек болу – әрбір жастың мұраты. Ел жастардан тың бастамалар және озық идеялар күтеді», – деді Әкежан Кеңесов.

Бүгінде мегаполистің әрбір ауданында

жастар ұяшықтары белсенді жұмыс істейді, сондай-ақ олар қаланың 20 ЖОО-да және 30 орта-арнайы мекемелерінде орналасқан.

Жастар қанатының жұмысына тоқталған Әкежан Кеңесов қаңтар оқиғасы кезінде партия мүшелері өздерін көрсетіп, 800-ге жуық отбасына азық-түлік себетін жеткізуге еріктілер көмегін көрсеткені, 2000 студент күн сайын ыстық тамақпен қамтылғаны, 290 адамның үйлеріне дәрі-дәрмек жеткізілгені, қарттарға, тағы 660 азаматқа құқықтық және психологиялық көмек көрсетілгендігі туралы айтты. Сондай-ақ, 200 ерікті қаланы қалпына келтіруге атсалысып, сенбіліктер өткізді.

«QAMQOR CHARITY» қоғамдық қорының төрайымы, Алматы қаласы әкімі жанындағы Жастар кеңесінің мүшесі Бағдат Анарбаева Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз-конференциясында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы өз Жолдауында жастарға үлкен мүмкіндіктер туғызғанын атап өтті.

«Президенттің әрбір Жолдауы ерекше, ол еліміздің дамуына оң өзгерістер әкеледі. Әріптестерім, ел жастары қолдаған көптеген жақсы тезистер жарияланды. Әлеуметтік салада және білім беруде белгіленген өзгерістер үндеуге үн қосты. Жаңа мектептер салынып, медициналық мекемелер модернизацияланады деген жаңалық еліміздің дамуына оң әсер етеді», – деді Бағдат Анарбаева.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ДЕНСАУЛЫҚ

Емханаларға тіркелу науқаны басталды



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматыда 15 қыркүйектен 15 қарашаға дейін мемлекеттік және жекеменшік медициналық ұйымдарға тіркелу басталды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» Алматы қалалық филиалының директоры Гүлнар Ысқақова мәлімдеді.

Қазақстанда алғашқы медициналық-санитарлық көмек (МСАК) ұйымын еркін таңдау бойынша бекіту науқаны басталды. Дәстүрлі түрде бұл іс-шара 2 ай бойы жүреді.

«Бүгінде алматылықтардың медициналық сақтандыру аясында қызмет алу үшін 71 медициналық мекемеге тіркелу мүмкіндігі бар, оның ішінде 40-ы мемлекеттік, ал 31-і жекеменшік», – деді Г.Ысқақова.

Спикердің айтуынша, тіркеу науқаны кезінде азаматтар өзі тұра-

тын аумақ шеңберіндегі мемлекеттік қана емес, жекеменшік клиникаларға да тіркеле алады. Ол үшін емхана медициналық сақтандыру қорының жеткізушілер тізімінде болуы тиіс.

Биылғы науқан барысында емхана ауыстырған азаматтар өзі таңдаған емдеу мекемесінің қызметін 2023 жылдан бастап пайдалана алады. Жалпы, емхана ауыстыру міндетті емес. Бұрынғы емхана қызметіне көңілі толатын азаматтар әрі қарай да бұрынғы клиниканың қызметін пайдалана берсе болады.

«Емхана өзі қызмет көрсететін аймақтан тыс жерде тұратын азаматтарды, сондай-ақ, бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін мекеме жүктемесі шектен асып кеткен жағдайда тіркеуден бас тартуы мүмкін. Қолданыстағы нормативтерге сәйкес, учаскедегі жалпы практика дәрігеріне тіркелгендер саны 1700-ден аспауы тиіс», – деді спикер.

Сондай-ақ, биыл тіркеу тәртібіне бірқатар өзгерістер енгізілгенін атап өткен жөн. Бұдан былай Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден келген еңбек мигранттары емханаға тіркелу үшін ерікті медициналық сақтандыру полисін сатып алуы тиіс. Олар тіркелу үшін емхананың тіркеу бөліміне барып өтініш жазады.

Тіркеу науқанына Қордың мәліметтер базасына енген емдеу мекемелері ғана қатысады. Олардың толық тізімімен МСҚ www.fms.kz ресми сайтындағы «Емхананы таңдау» бөлімінде танысуға болады.

ҚОҒАМ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте әлеуметтік саланың мамандары Президент Жолдауында айтылған мәселелерді тарқатты.

Әлеуметтің әлеуеті көтеріледі



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасары Ризвангуль Дараева әйелдер зейнеткерлікке 61 жасында шығатынын айтты.

«Жолдау шараларының бірі 2023 жылдан бастап әйелдердің зейнеткерлік жасын 61 жас деңгейінде 5 жылға жоспарланған арттыруды тоқтата тұрумен байланысты болды. Бұл шешім коронавирустық пандемияның азаматтардың денсаулығы мен өмір сүру ұзақтығына теріс әсерін ескере отырып қабылданды. Келесі 5 жыл ішінде денсаулық сақтау жүйесін жақсарту жөнінде шаралар қабылданатын болады. Бұл ретте ауыл медицинасына, азаматтардың денсаулығын қалпына келтіруге және қолдауға бағытталған оңалту орталықтары желісін құруға және кеңейтуге ерекше назар аударылатын болады», – деді Ризвангуль Дараева.

Сонымен қатар, Президент Жолдауында зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру туралы айтылды. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2027 жылға дейін ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%-ынан 70%-ына дейін, ең жоғарғысы – тиісінше 100%-дан 120%-ға дейін кезек-кезеңімен жеткізу.

Осы кезеңде базалық зейнетақы мөлшері орта есеппен 51%-ға дейін артатын болады. Бұл ретте базалық зейнетақының орташа мөлшерінің жыл сайынғы өсуі шамамен 13%-ды құрап, барлық 2 млн зейнеткерді қамтиды.

Ұсынылып отырған шаралар 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақыны орта есеппен 27%-ға өсіруге (3 жыл ішінде – 109 мыңнан 138 мың теңгеге дейін) және жиынтық зейнетақыдағы мемлекеттік төлемдердің үлес салмағын арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша мемлекет қарт адамдар арасында кедейліктің өсуіне жол бермеу үшін шаралар қабылдайды.

Ал қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Данияр Өлкебайұлы азаматтардың жұмыспен қамтылу деңгейін, жалақы мәселесін тілге тиек етті.

«Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында ең төменгі жалақы 70 мың теңгеге дейін ұлайтылатынын айтып өтті. Ең төменгі жалақы өскен жағдайда бұл деңгейде жалақы алатын 1,8 млн адамды тікелей қамтуға мүмкіндік береді. Бұл, сондай-ақ, қызметкерлердің разрядтары мен біліктілігінің еңбекақы төлеудің өсуіне ықпалын ескере отырып, жалақы алатын азаматтардың табысын ең төменгі жалақыдан жоғары деңгейде арттыруға мүмкіндік береді», – деді спикер.

Мемлекет басшысы, сондай-ақ, Үкіметке динамикалық тәсілге негізделген және негізгі экономикалық көрсеткіштерді ескеретін ең төменгі жалақыны анықтау әдістемесін енгізуді тапсырды. Бұл тапсырма уақытылы және өзекті болып табылады, өйткені инфляция бір орында тұрмайды, азық-түлік, тауарлар бағасы қымбаттайды. Осыған байланысты әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді ескеретін әдістеме негізінде ЕТЖ мөлшерінің мөлшерлес өсуін қамтамасыз ету қажет.

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Ләззат Сағынбекова Президент тапсырмасына орай бала күтімі кезеңі 1 жастан 1,5 жасқа дейін өсетінін хабарлады. Ләззат Сағынбекованың айтуынша, бүгінде балалы отбасыларды қолдау моделі мемлекеттік жәрдемақылар мен төлемдердің 6 түрін қамтиды. Әлеуметтік кодекс жобасында осы әлеуметтік қолдау шараларының барлығы толық сақталған. Алайда, отбасының жекелеген санаттарын қолдаудың қолданыстағы шараларын күшейтуге бағытталған бірқатар жаңалықтар енгізілуде.

«Бүгінде, бала күтімін атқаратын атана еңбек қызметін қайта бастаған жағдайда, бала күтіміне төленетін жәрдемақы тоқтатылу қажет. Жаңа Кодекс бойынша осы санаттағы отбасыларды қолдау үшін төлемдер тоқтатылмайды және республикалық бюджеттен төленетін жәрдемақы мөлшеріне сәйкес төленеді», – деді Ләззат Сағынбекова.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап пилоттық режимде «Отбасының цифрлық картасын» енгізу басталды. Қазірдің өзінде цифрлық картада шамамен 6 млн отбасы мен оның 19 млн мүшесі туралы деректер бар және «отбасы портреті» деп аталатын мәліметтер қалыптастырылды.



Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №2 шешімі. ҚР Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 қыркүйекте Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуіңізі тізіліміне №29485 болып енгізілді.

Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2019 жылғы 15 қазандағы №2 «Алматы қаласы Алатау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

ШЕШІМ:

1. Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2019 жылғы 15 қазандағы №2 «Алматы қаласы Алатау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1591 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген шешімнің қосымшасындағы № 7, 8, 9, 13, 14, 19, 21, 23, 30, 32, 33, 35, 36, 482, 483, 486, 487, 524, 525, 526, 531, 532, 533, 546, 548, 550, 569, 570, 571, 587, 588, 590 сайлау учаскелерінің шекаралары осы шешімнің №1 қосымшасына сәйкес өзгертілсін;

2) көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің №2 қосымшасына сәйкес жаңадан ашылған №611, 612, 613, 614, 615, 616, 617, 618, 619, 620, 621 сайлау учаскелерімен толықтырылсын.

2. «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғаннан кейін Алматы қаласы Алатау ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алатау ауданының әкімі А.ҚАЛДЫБЕКОВ

«КЕЛІСУДІ» Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиясы

Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2019 жылғы 15 қазандағы №2 «Алматы қаласы Алатау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешіміне №1 қосымша

№7 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Өйгірім-1 шағын ауданы, Бөйбенрін көшесі, 52. «№149 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Самғау шағын ауданының Рысқұлов даңғылы мен Ырғысты көшесінің қиылысынан солтүстікке қарай Өйгірім-1 шағын ауданының Набережная көшесіне дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының Набережная көшесімен батысқа қарай Өйгірім-1 шағын ауданының Сағи Өшімов көшесіне дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының Сағи Өшімов көшесімен солтүстікке қарай Өйгірім-1 шағын ауданының Сағи Өшімов көшесіндегі №65 үйге дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының Сағи Өшімов көшесіндегі №65 үйден батысқа қарай Өйгірім-1 шағын ауданының Берберін көшесіне дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының Майлин көшесімен батысқа қарай Өйгірім-1 шағын ауданының Молдағұлова көшесіне дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының Молдағұлова көшесімен оңтүстікке қарай Өйгірім-1 шағын ауданының Назар көшесіне дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының Назар көшесімен батысқа қарай Өйгірім-2 шағын ауданының Мамытов көшесімен солтүстікке қарай Өйгірім-2 шағын ауданының Үркер көшесіне дейін; Өйгірім-2 шағын ауданының Үркер көшесімен батысқа қарай Өйгірім-2 шағын ауданының Байтенов көшесіне дейін; Өйгірім-2 шағын ауданының Байтенов көшесімен оңтүстікке қарай Өйгірім-2 шағын ауданының Байтенов көшесіндегі №36 Е үйге дейін; Өйгірім-2 шағын ауданының Байтенов көшесіндегі №36 Е үйден шығысқа қарай Өйгірім-1 шағын ауданының Нәби көшесіне дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының Нәби көшесімен оңтүстікке қарай Өйгірім-1 шағын ауданының Нәби көшесіндегі №207 үйге дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының Нәби көшесіндегі №207 үйден шығысқа қарай Өйгірім-1 шағын ауданының Сағи Өшімов көшесіне дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының Сағи Өшімов көшесімен оңтүстікке қарай Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылымен шығысқа қарай Самғау шағын ауданының Ырғысты көшесіне дейін.

№8 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Самғау шағын ауданы, Көкөрай көшесі, 66. «№41 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Шаңырақ-1 шағын ауданының Қоғалы көшесіндегі №62 үй мен Қарасу-5 өзені қиылысынан шығысқа қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Ашекеев көшесіндегі №8 үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Ашекеев көшесіндегі №8 үйден Шаңырақ-1 шағын ауданындағы Өтемісұлы көшесіндегі №39 үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Өтемісұлы көшесімен оңтүстікке қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Қайнар көшесіне дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Қайнар көшесінен шығысқа қарай Үлкен Алматы өзеніне дейін; Үлкен Алматы өзенінің арнасымен оңтүстікке қарай Шаңырақ-1 шағын ауданындағы Өтемісұлы көшесіндегі №11А үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданындағы Өтемісұлы көшесіндегі №11А үйден Самғау шағын ауданының Көкөрай көшесіне дейін; Самғау шағын ауданының Көкөрай көшесімен оңтүстік-батысқа қарай Самғау шағын ауданының Зелена көшесіне дейін; Самғау шағын ауданының Зелена көшесімен батысқа қарай Түркістан шағын ауданының Ақсу көшесіне дейін; Түркістан шағын ауданының Ақсу көшесімен солтүстік-батысқа қарай Өйгірім-1 шағын ауданының Азаттық көшесіне дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының Азаттық көшесімен Өйгірім-1 шағын ауданының МТФ-1 көшесіне дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының МТФ-1 көшесімен солтүстікке қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Қоғалы көшесіндегі №62 үй мен Қарасу-5 өзенінің қиылысына дейін.

№9 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Өйгірім-1 шағын ауданы, Бөйбенрін көшесі, 52. «№149 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Алғабас шағын ауданының Боралдай өзені мен Мөңке би көшесінің қиылысынан шығысқа қарай Өйгірім-1 шағын ауданының Бөйбенрін көшесіне дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының Бөйбенрін көшесімен оңтүстікке қарай Өйгірім-2 шағын ауданының Байтөрек көшесіне дейін; Өйгірім-2 шағын ауданының Байтөрек көшесімен Өйгірім-2 шағын ауданының Байтенов көшесіне дейін; Өйгірім-2 шағын ауданының Байтенов көшесімен оңтүстікке қарай Өйгірім-2 шағын ауданының Еркіндік көшесіне дейін; Өйгірім-2 шағын ауданының Еркіндік көшесімен батысқа қарай Өйгірім-2 шағын ауданының Түймөбет көшесіне дейін; Өйгірім-2 шағын ауданының Түймөбет көшесімен Өйгірім-2 шағын ауданының Жаңа ғасыр көшесіне дейін; Өйгірім-2 шағын ауданының Жаңа ғасыр көшесімен Боралдай өзенінің қиылысына дейін; Боралдай өзенінің арнасымен солтүстікке қарай Алғабас шағын ауданының Мөңке би көшесінің қиылысына дейін.

№13 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Өжет шағын ауданы, Өуезов көшесі, 48. «№156 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Өжет шағын ауданының Хасен Оралтай көшесіндегі №125 үйден батысқа қарай Теренқара өзеніне дейін; Теренқара өзенінің арнасымен солтүстікке қарай қала шекарасына дейін; баяу шекарасының бойымен солтүстік-шығысқа қарай Птищев даңғыл-бау-бақша еркіктестігінің оңтүстік шекарасына дейін; Птищев даңғыл-бау-бақша еркіктестігінің оңтүстік шекарасымен шығысқа қарай габионға дейін; габионмен оңтүстікке қарай Өжет шағын ауданының Үкілі Ыбырай көшесіне дейін; Өжет шағын ауданының Үкілі Ыбырай көшесімен оңтүстік-шығысқа қарай Өжет шағын ауданының Сүмбіле көшесіне дейін; Өжет шағын ауданының Сүмбіле көшесімен солтүстік-шығысқа қарай Өжет шағын ауданының Қожаберген жырау көшесіне дейін; Өжет шағын ауданының Қожаберген жырау көшесімен оңтүстік-шығысқа қарай Өжет шағын ауданының Қошқарабаев көшесіне дейін; Өжет шағын ауданының Қошқарабаев көшесімен оңтүстік-батысқа қарай Өжет шағын ауданының Қожықовтар көшесіндегі №114 үйден дейін; Өжет шағын ауданының Қожықовтар көшесіндегі №114 үйден батысқа қарай Өжет шағын ауданының Шарын көшесіне дейін; Өжет шағын ауданының Шарын көшесімен оңтүстікке қарай Өжет шағын ауданының Шаған көшесіне дейін; Өжет шағын ауданының Шаған көшесімен батысқа қарай Өжет шағын ауданының Хасен Оралтай көшесіне дейін; Өжет шағын ауданының Хасен Оралтай көшесімен солтүстікке қарай Өжет шағын ауданының Хасен Оралтай көшесіндегі №125 үйге дейін.

№14 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Томирис шағын ауданы, Центральная көшесі, 128. «№205 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Үлкен Алматы каналы мен Томирис шағын ауданындағы № 271 үйдің қиылысынан Үлкен Алматы каналының ар-

насымен солтүстікке қарай Алматы қаласының Боралдай шағын ауданының оңтүстік шекарасына дейін; Боралдай шағын ауданының оңтүстік шекарасымен Жигитовқа өзеніне дейін; Жигитовқа өзенінің бойымен Томирис шағын ауданы Центральная көшесіндегі №271/1 үйге дейін.

№19 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Қарасу шағын ауданы, Шаяхметов көшесі, 17/8. «№179 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Алматы қаласының шекарасынан Қарасу шағын ауданының Боралдай көшесімен шығысқа қарай Қарасу шағын ауданының Мичурин көшесіне дейін; Қарасу шағын ауданының Мичурин көшесімен оңтүстікке қарай Қарасу шағын ауданының Школьная көшесіне дейін; Қарасу шағын ауданының Школьная көшесімен шығысқа қарай Қарасу шағын ауданының Құсайынұлы көшесіне дейін; Қарасу шағын ауданының Құсайынұлы көшесімен оңтүстік-батысқа қарай Қарасу шағын ауданының Құсайынұлы көшесіндегі №83 үйдің оңтүстік шекарасына дейін; Қарасу шағын ауданының Құсайынұлы көшесіндегі №83 үйдің оңтүстік шекарасымен батысқа қарай Қарасу шағын ауданының Мичурин көшесіне дейін; Қарасу шағын ауданының Мичурин көшесімен оңтүстікке қарай Қарасу шағын ауданының Заводская көшесіне дейін; Қарасу шағын ауданының Заводская көшесімен батысқа қарай Қарасу шағын ауданының Бағаналы Орта көшесіне дейін; Қарасу шағын ауданының Бағаналы Орта көшесімен солтүстікке қарай Қарасу шағын ауданының Қапал көшесіне дейін; Қарасу шағын ауданының Қапал көшесімен шығысқа қарай Қарасу шағын ауданының Бағаналы Орта көшесіне дейін; Бағаналы Орта көшесімен солтүстікке қарай Теренқара өзеніне дейін; Теренқара өзенімен шығысқа қарай Алматы қаласының шекарасына дейін; Алматы қаласының шекарасымен оңтүстік-шығысқа қарай Қарасу шағын ауданының Боралдай көшесіне дейін.

№21 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Шаңырақ-1 шағын ауданы, Өтемісұлы көшесі, 109. «№169 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Үлкен Алматы өзені мен Шаңырақ-1 шағын ауданының Өтемісұлы көшесіндегі № 124/12 үйдің түйіскен жерінен батысқа қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Орбұлақ көшесіндегі №45А үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Орбұлақ көшесімен оңтүстікке қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Орбұлақ көшесіндегі №21 үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Орбұлақ көшесіндегі №21 үйден батысқа қарай габионға дейін, габионнан оңтүстікке қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Марқакөл көшесіндегі №44 үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Марқакөл көшесіндегі №44 үйден батысқа қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Рахымов көшесіндегі №172/1 үйге дейін; Шаңырақ-2 шағын ауданының Рахымов көшесімен оңтүстікке қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Тойшыбек батыр көшесіне дейін; Шаңырақ-2 шағын ауданының Тойшыбек батыр көшесімен батысқа қарай Малов көшесіндегі №4 А үйге дейін; Шаңырақ-2 шағын ауданының Малов көшесімен оңтүстікке қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Сырым батыр көшесіне дейін; Шаңырақ-2 шағын ауданының Сырым батыр көшесімен шығысқа қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Рахымов көшесімен Шаңырақ-2 шағын ауданының Қарақоз көшесінің қиылысына дейін; Шаңырақ-2 шағын ауданының Қарақоз көшесімен шығысқа қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Әулие ағаш көшесіне дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Әулие ағаш көшесімен оңтүстікке қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Ысқаков көшесіне дейін; Шаңырақ-2 шағын ауданының Ысқаков көшесінен оңтүстікке қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Әулие ағаш көшесіндегі №89 үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Әулие ағаш көшесіндегі №89 үйден шығысқа қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Алпамыс көшесіндегі №91/6 үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Алпамыс көшесімен оңтүстікке қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Алпамыс көшесіндегі №80 үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Алпамыс көшесіндегі №80 үйден шығысқа қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Шіліктісай көшесіндегі №2 үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Шіліктісай көшесімен солтүстікке қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Шіліктісай көшесіндегі №14 үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Шіліктісай көшесіндегі №14 үйден шығысқа қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Есентай көшесіндегі №36/1 үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Есентай көшесіндегі №36/1 үйден шығысқа қарай Үлкен Алматы өзеніне дейін; Үлкен Алматы өзенінің арнасымен солтүстікке қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Өтемісұлы көшесіндегі №124/12 үйге дейін.

№23 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Үлжан-1 шағын ауданы, Жалайыр көшесі, 48. «№152 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Үлкен Алматы өзені мен Үлкен Алматы каналының қиылысынан Үлкен Алматы каналы бойымен оңтүстік-шығысқа қарай Ашыбулақ өзеніне дейін; Ашыбулақ өзенімен оңтүстікке қарай Үлжан-1 шағын ауданының Балқұдық көшесіне дейін; Үлжан-1 шағын ауданының Балқұдық көшесімен батысқа қарай Үлжан-1 шағын ауданының Төжежанов көшесіне дейін; Үлжан-1 шағын ауданының Төжежанов көшесімен оңтүстікке қарай Үлжан-1 шағын ауданының Бозарал көшесімен батысқа қарай Үлжан-1 шағын ауданының Ақжар көшесіне дейін; Үлжан-1 шағын ауданының Ақжар көшесімен Үлкен Алматы өзеніне дейін; Үлкен Алматы өзенінің арнасымен солтүстікке қарай Үлкен Алматы каналына дейін.

№30 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Шаңырақ-1 шағын ауданы, Өтемісұлы көшесі, 109. « №169 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Үлкен Алматы каналынан Үлкен Алматы өзенінің арнасы бойымен оңтүстікке қарай Шаңырақ-1 шағын ауданындағы Өтемісұлы көшесіндегі №124/2 үйден батысқа қарай Шаңырақ-1 шағын ауданындағы Орбұлақ көшесіндегі №45А үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Орбұлақ көшесімен солтүстікке қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Орбұлақ көшесіндегі №23 үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Орбұлақ көшесіндегі №23 үйден батысқа қарай габионға дейін; габионнан солтүстікке қарай Үлкен Алматы каналына дейін; Үлкен Алматы каналынан шығысқа қарай Үлкен Алматы өзеніне дейін.

№32 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Өйгірім шағын ауданы, Бөйбенрін көшесі, 52/1. «№171 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Өйгірім-2 шағын ауданының Жаңа ғасыр көшесі мен Боралдай өзені қиылысынан Өйгірім-2 шағын ауданының Жаңа ғасыр көшесімен шығысқа қарай Өйгірім-1 шағын ауданының Бөйбенрін көшесіне дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының Бөйбенрін көшесімен оңтүстік-шығысқа қарай Өйгірім-1 шағын ауданының Майлин көшесіне дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының Майлин көшесімен батысқа қарай Өйгірім-1 шағын ауданының Молдағұлова көшесіне дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының Молдағұлова көшесімен оңтүстікке қарай Өйгірім-1 шағын ауданының Назар көшесіне дейін; Өйгірім-1 шағын ауданының Назар көшесімен ба-

тысқа қарай Өйгірім-2 шағын ауданының Мамытов көшесіне дейін; Өйгірім-2 шағын ауданының Мамытов көшесімен солтүстікке қарай Өйгірім-2 шағын ауданының Майлин көшесіндегі №1/116 үйге дейін; Өйгірім-2 шағын ауданының Майлин көшесіндегі №1/116 үйден батысқа қарай Өйгірім-2 шағын ауданының Байтенов көшесіне дейін; Өйгірім-2 шағын ауданының Байтенов көшесімен солтүстікке қарай Өйгірім-2 шағын ауданының Қарашығанак көшесіне дейін; Өйгірім-2 шағын ауданының Қарашығанак көшесімен Боралдай өзеніне дейін; Боралдай өзенімен солтүстікке қарай Өйгірім-2 шағын ауданының Жаңа ғасыр көшесіне дейін.

№33 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Шаңырақ-2 шағын ауданы, Жанқожа батыр көшесі, 134. «№26 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Жигитовқа өзені мен Шаңырақ-2 шағын ауданының Қаракемер көшесіндегі №179 үйдің қиылысынан шығысқа қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Тұрысов көшесіне дейін; Шаңырақ-2 шағын ауданының Тұрысов көшесімен оңтүстікке қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Тұрысов көшесіндегі №1 үйге дейін; Шаңырақ-2 шағын ауданының Тұрысов көшесіндегі №1 үйден шығысқа қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Алтын сақа көшесіне дейін; Шаңырақ-2 шағын ауданының Алтын сақа көшесімен шығысқа қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Рахымов көшесіне дейін; Шаңырақ-2 шағын ауданының Рахымов көшесімен оңтүстікке қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Сарыжаз көшесіне дейін; Шаңырақ-2 шағын ауданының Сарыжаз көшесімен шығысқа қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Ысқаков көшесіне дейін; Шаңырақ-2 шағын ауданының Ысқаков көшесімен оңтүстікке қарай Үлкен Алматы өзеніне дейін; Үлкен Алматы өзені арнасымен батысқа қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Жарқынабаев көшесіне дейін; Шаңырақ-2 шағын ауданының Жарқынабаев көшесімен батысқа қарай Жигитовқа өзеніне дейін; Жигитовқа өзенінің арнасымен солтүстікке қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Қаракемер көшесіндегі №179 үйге дейін.

№35 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Өжет шағын ауданы, Өуезов көшесі, 48. «№156 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Өжет шағын ауданының Бөкболат көшесі мен Солтүстік айналым тас жолы қиылысынан Өжет шағын ауданының Бөкболат көшесімен солтүстік-батысқа қарай Өжет шағын ауданының Оралтай көшесіне дейін; Өжет шағын ауданының Оралтай көшесімен солтүстікке қарай Өжет шағын ауданының Оралтай көшесіндегі №123 үйге дейін; Өжет шағын ауданының Оралтай көшесіндегі №123 үйден Теренқара өзенінің арнасына дейін; Теренқара өзенінің арнасы бойымен оңтүстікке қарай Үлкен Алматы каналына дейін; Үлкен Алматы каналы бойымен оңтүстік-шығысқа қарай Солтүстік айналым тас жолына дейін; Солтүстік айналым тас жолымен солтүстік-шығысқа қарай Өжет шағын ауданының Бөкболат көшесіне дейін.

№36 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Аккент шағын ауданы, 19. «№181 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Аккент шағын ауданының №2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 38, 39 көпқабатты тұрғын үйлері, Ақбұлақ шағын ауданының №7, 9, 8, 6, 5 көпқабатты тұрғын үйлері және Ақбұлақ шағын ауданы Сухомбаев көшесіндегі №21, 23, 25, 29, 31, 33, 35, 37/1, 41 үйлер.

№482 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Шаңырақ-1 шағын ауданы, Өтемісұлы көшесі, 73. «Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» РМК.

Шекарасы: Шаңырақ-2 шағын ауданының Ысқаков көшесі мен Шаңырақ-2 шағын ауданының Сарыжаз көшесінің қиылысынан шығысқа қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Ақын Сара көшесіне дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Ақын Сара көшесімен шығысқа қарай Үлкен Алматы өзеніне дейін; Үлкен Алматы өзенінің арнасымен оңтүстікке қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Өтемісұлы көшесіндегі №2 Б үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Өтемісұлы көшесімен солтүстікке қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Өтемісұлы көшесіндегі №33 үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Өтемісұлы көшесіндегі №33 үйден батысқа қарай Қарасу-5 өзеніне дейін; Қарасу-5 өзенінен габион бойымен солтүстікке қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Сарыжаз көшесі мен Шаңырақ-2 шағын ауданының Ысқаков көшесінің қиылысына дейін.

№483 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Үлжан-1 шағын ауданы, Жалайыр көшесі, 34. «№23 калалық емхана»шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Шекарасы: Ашыбулақ өзені мен Үлкен Алматы каналының қиылысынан шығысқа қарай Үлкен Алматы каналы арқылы Теренқара өзеніне дейін; Теренқара өзенінің арнасымен оңтүстікке қарай Самғау шағын ауданымен солтүстік шекараға дейін; Самғау шағын ауданының солтүстік шекарасымен Ашыбулақ өзеніне дейін; Ашыбулақ өзенінің арнасымен солтүстікке қарай Үлкен Алматы каналына дейін.

№486 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Теректі шағын ауданы, Актілек көшесі, 10. «№184 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Теректі шағын ауданының Мұратбеков көшесі мен Алматы қаласының батыс шекарасының қиылысынан Теректі шағын ауданының Мұратбеков көшесімен шығысқа қарай Теректі шағын ауданы

БІЗДЕ ӨТКЕН БӘСЕКЕ

АЛМАТЫНЫҢ АРЛАҢДАРЫ ЖИНАЛДЫ Мегаполисте Қала күніне орай командалық Кубок жарысы өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Оңтүстік астанамыздың Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында спорттың 3 түрі – еркін күрес, таэквондо және қазақ күресі бойынша қаланың командалық Кубогы сарапқа салынды. Іс-шара Алматы қаласының Қала күніне орай ұйымдастырылды.

Бәйге жарыс әу демей басталмайды демекші, спорттық мереке ұлттық аспаптардың сынғырлаған ән-күйімен ашылды. Жарыс басталмас бұрын Алматы спорт басқармасы спорт бөлімінің басшысы Нұрсұлтан Кенжебек спортшыларға ақ тілегін арнады:

«Біз жыл сайын әртүрлі командалық жарыстар өткіземіз. Биыл командалық Кубокты Қала күніне орай ойнатудың сәті түсіп тұр. Спорттың үш түрінен екі командаға бөлінген алматылық спортшылар бүгін бақ сынайды. Жеңімпаз команда үшін жүлде қоры 300 мың, ал екінші болған командаға 100 мың беріледі. Бұл спорттық іс-шара Қала күніне орай ұйымдастырылып, тұрғындарымыздың арасында салауатты өмір салтын дәріптеуге арналған. Сынға түсетін спортшыларға сәттілік тілейміз», – деді Алматы спорт басқармасы спорт бөлімінің басшысы Нұрсұлтан Кенжебек.

Өр спорт түрінен жарыс жеті салмақ дәрежесінде өтіп, командалық есепте бағаланды. Дегенмен, таэквондо бойынша сайыс екі түрлі ережемен өтті. Жарыстың бірінші кезеңінде таэквондошылар салмақ дәрежесіне қарай күш сынасса, «микс» деп аталған екінші кезеңде спортшылар 7 минут бойы кезектесе ешқандай салмаққа қарамай айқасты. Таэквондошылардың шапшаң қимылдары мен «шарт-шұрт» еткен соққылары көрермендерге нағыз шоу сыйлады. Ал еркін күресте кездескен палуандардың күресінде ондай айқай-шу болмағанымен, мұнда нағыз арпалыс сезілді. Бір-бірінің әр қимылын аңдыған спортшылар қарсыласынан айланып асыруға тырысты. Сондай-ақ, кілемі төрге

жайылған қазақ күресі жанкүйерлердің басты назарында болды. Аяқтан шалып, белден лақтырған әр әдіске көрермендер қолдау білдірді.

«Бұл жарыс бірінші рет өтіп жатқан жоқ. Жыл сайын Қала күніне арналып осындай спорттық сайыстар Алматы Спорт басқармасының бастауымен ұйымдастырылады. Мұндай жарыстар арқылы алматылық спортшылардың деңгейін көтеріп қана қоймай, қала халқының спортқа деген қызығушылығын арттыруды мақсат етеміз. Бүгін қазақ күресі, еркін күрес және таэквондодан жарыс өтсе, алдағы жылдары жаңа спорт түрлерінің қосылуын тілейміз», – деді таэквондодан Алматы қаласының ересектер арасындағы аға жаттықтырушысы Айбол Рысмендиев.

Жарыс нәтижесі бойынша жалпыкомандалық есепте – еркін күрестен «Барыс» командасы, қазақ күресінен «Алатау» командасы, таэквондодан «Жеңіс» командасы жеңімпаз атанды. Чемпиондар арнайы қала Кубоктарымен және ақшалай сертификаттармен марапатталды.

«Мен қазақ күресінен Алматы құрамасының спортшысымын. Негізгі 100 келі салмақта өнер көрсетемін. Бүгін командалық жарыста 90 келіден жоғары салмақта бақ сынадым. Алматылық спортшылар арасындағы жарыс болғандықтан қарсыластардың бәрі бір-біріне таныс. Қыр-сырымызды білеміз. Сондықтан кездесулер өте тартысты өтті. Мен өз қарсыласымды жартылай жеңіс ұпаймен жеңдім. Нағыз бәсекенің атмосферасын сезіне алдық. Сондықтан ұйымдастырушыларға алғыс айтамын», – деді Айбек Естілеуов.

дейін; Үлкен Алматы каналымен солтүстікке қарай Томирис шағын ауданындағы Центральная көшесіндегі №27/1 үйге дейін; Томирис шағын ауданындағы Центральная көшесіндегі №27/1 үйден шығысқа қарай Үлкен Алматы өзеніне дейін; Үлкен Алматы өзенінің арнасымен Үлкен Алматы каналының қиылысына дейін.

№614 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Шаңырақ-1 шағын ауданы, Өтемісов көшесі, 109. «№169 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Үлкен Алматы өзені мен Шаңырақ-1 шағын ауданының Есентай көшесіндегі №36/1 үйдің қиылысынан батысқа қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Шілікті Сай көшесіндегі №11 үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Шілікті Сай көшесіндегі №11 үйден Шаңырақ-1 шағын ауданының Шілікті Сай көшесіндегі №11 үйге дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Шілікті Сай көшесіндегі №11 үйден батысқа қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Жиделі көшесіндегі №30 үйге дейін; Шаңырақ-2 шағын ауданының Рахымов көшесімен оңтүстікке қарай Шаңырақ-2 шағын ауданының Сарыжаз көшесіне дейін; Шаңырақ-2 шағын ауданының Сарыжаз көшесінен шығысқа қарай Шаңырақ-1 шағын ауданының Ақын Сара көшесіне дейін; Шаңырақ-1 шағын ауданының Ақын Сара көшесімен Үлкен Алматы өзеніне дейін; Үлкен Алматы өзенінің арнасымен солтүстікке қарай Шаңырақ-1 шағын ауданындағы Есентай көшесіндегі №36/1 үйге дейін.

№615 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Саялы шағын ауданы, Ақжайнар көшесі, 3. «№204 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Көк-Қайнар шағын ауданының Арқалық көшесіндегі №79 үйден Көк-Қайнар шағын ауданының Ақшағыл көшесіне дейін; Көк-Қайнар шағын ауданының Ақшағыл көшесімен оңтүстікке қарай Көк-Қайнар шағын ауданының Ақшағыл көшесіндегі №2/1 үйге дейін; Көк-Қайнар шағын ауданының Ақшағыл көшесіндегі №2/1 үйден шығысқа қарай Боралдай өзеніне дейін; Боралдай өзенінің арнасымен оңтүстікке қарай Саялы шағын

БОКС



Геннадий Головкин мен Сауль Альварес арасындағы жекпе-жек 18 қыркүйек күні танертең өтеді. Қазақстандық боксшы Геннадий Головкин (42-1-1, 37KO) мен мексикалық Сауль «Канело» Альварес (57-2-2, 39KO) үшінші жекпе-жек алдындағы соңғы баспасөз мәслихатын өткізді.

ЖЕҢІСПЕН ОРАЛ, БАҒАДҮР!

«Бұл жерге оралғаным қуаныштымын. Соңғы сапарымнан кейін төрт жыл өтті. Қазір осында қайта оралдық. Меніңше, бұл бүтін бокс әлемі үшін үлкен күн және жанкүйерлерге үлкен сый. Қазір мен жекпе-жекке толықтай дайынмын, бабымдамын. Жеңіске жететініме, өз-өзіме, өз командама, маған қолдау білдіріп отырған адамдарға сенімдімін. «Канело» екеуіміз кәсіпқой спортшымыз. Оның стратегиясы анағұрлым агрессивті болса, ал мен көбіне тәжірибемге сүйенемін. Ринг кімнің мықты екенін көрсетеді. Бұл өмірде бәрі де болуы мүмкін», – деді Головкин.

Сондай-ақ, Лас-Вегас қаласында өтетін кәсіпқой бокс кешінде Геннадий Головкиннен бөлек, Қазақстанның тағы бір өкілі Әли Ахмедов шаршы алаңға шығады. 26 жастағы алматылық боксшы ересектер арасында ел біріншілігінің қола жүлдегері, бірқатар халықаралық турнирдің жеңімпазы. Ол студенттер

арасында Әлем және Азия чемпионаттарына қатысып, жеңіс тұғырының ең биік сатыларына да көтерілген. Дегенмен, отандасымыз 2016 жылы кәсіпқой боксқа ауысады. Әли қазіргі уақытта 18 кездесу өткізіп, оның 17-сінде жеңіске жетті. Осыдан екі жыл бұрын Әлидің IBF нұсқасы бойынша екінші орта салмақта әлем чемпионы атануға тамаша мүмкіндігі болды. Бірақ ол эквадорлық Карлос Гангораны жеңе алмады.

Лас-Вегаста Әли Ахмедов Габриэль Росадомен кездеседі. Айта кеткен жөн, Росадо 2013 жылы біздің Геннадий Головкинмен жұдырықтасып, жетінші раундта техникалық нокаутпен жеңілген.

Сонымен қатар, бокс әлемінің төрінде Димаш Құдайбергенов өнер көрсетеді. Қазақстанның жарық жұлдызы Геннадий Головкин мен Сауль Альварес арасындағы жекпе-жек алдында Қазақстанның Әнуранын орындайды.

ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІ

Әйелдер күресі бойынша Белградта (Сербия) өткен әлем чемпионатында Жәмила Бақбергенова күміс жүлдегер атанды.

ЖӘМИЛА ЖҮЛДЕГЕР БОЛДЫ

72 келіге дейінгі салмақ дәрежесіндегі финалда Жәмила америкалық Амита Эйльормен кездесті. Кездесу америкалық спортшының пайдасына уақытынан бұрын аяқталды. Тиімді әдістен кейін қазақ қызының аяғын орап алған Амита бірден 10 ұпай жинап жеңіске жетті.

Жәмила алғашқы жекпе-жегін өзбекстандық Светлана Назароваға қарсы өткізіп, оны техникалық артықшылығы есебінен мерзімінен бұрын жеңген (10-0). Одан кейін жартылай финалда Александра Анхелден (Румыния) басым түсті.

Айта кеткен жөн, 26 жастағы спортшымыз екінші жыл қатарынан әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Ол өткен жылы Ослодағы әлем чемпионатының фина-

лына дейін жеткен және жапониялық Масако Фуруитиге есе жіберіп, күміс жүлдегер атанды. Сондай-ақ, қазақстандық спортшы Азия чемпионаттарында екі рет жеңіске жетті (2020, 2022).

Ал еркін күрес бойынша 86 келіге дейінгі салмақта бақ сынап жатқан Азамат Дәулетбеков Әлем чемпионатының қола жүлдесін сарапқа салады. Ол ширек финалда сан-маринлық балуан Майлс Назем Амминнен басым түсті. Алайда, жартылай финалда Токио–2020 Олимпиадасының чемпионы Дэвид Тейлорға есе жіберді. Енді спортшымыз қола жүлдеден үмітті. Айта кеткен жөн, 28 жастағы Азамат Дәулетбеков – Ұлан-Батырда өткен Азия чемпионатының чемпионы.

Беттің бапкері Досбол АТАЖАН.

(Соңы. Басы 9-бетте)

Шекарасы: Терекқара өзені мен Птицевод бай-бақша серіктестігінің №51 үйінің қиылысынан оңтүстікке қарай Қарасу шағын ауданының Бағаналы Орда көшесіне дейін; Қарасу шағын ауданының Бағаналы Орда көшесімен оңтүстікке қарай Қарасу шағын ауданының Қапал көшесіне дейін; Қарасу шағын ауданының Қапал көшесімен оңтүстікке қарай Қарасу шағын ауданының Шахматов көшесіне дейін; Қарасу шағын ауданының Шахматов көшесімен батысқа қарай Қарасу шағын ауданының Мойылды көшесіне дейін; әрі қарай оңтүстікке қарай Қарасу шағын ауданының Бағаналы Орда көшесіне дейін; Қарасу шағын ауданының Бағаналы Орда көшесімен батысқа қарай Қарасу шағын ауданының Мұрат Мөңкеұлы көшесімен түйісуге дейін; Қарасу шағын ауданының Мұрат Мөңкеұлы көшесімен солтүстікке қарай Терекқара өзеніне дейін; Терекқара өзенінің арнасымен солтүстікке қарай Птицевод бай-бақша серіктестігінің №51 үйіне дейін.

№612 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Ұлжан-1 шағын ауданы, Жалайыр көшесі, 48. «№152 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Үлкен Алматы өзені мен Ұлжан-1 шағын ауданының Асқар көшесінің қиылысынан шығысқа қарай Ұлжан-1 шағын ауданының Жалайыр көшесіне дейін; Ұлжан-1 шағын ауданының Бозарал көшесімен Ұлжан-1 шағын ауданының Тәкежанов және Бозарал көшелерінің қиылысына дейін; Ұлжан-1 шағын ауданының Тәкежанов көшесімен солтүстікке қарай Ұлжан-1 шағын ауданының Балқұдық көшесіне дейін; Ұлжан-1 шағын ауданының Балқұдық көшесімен шығысқа қарай Ақшағыл өзеніне дейін; Ақшағыл өзенінің арнасымен оңтүстікке қарай Самғау шағын ауданының шекарасына дейін; Самғау шағын ауданының шекарасымен батысқа қарай Үлкен Алматы өзеніне дейін; Үлкен Алматы өзенінің арнасымен Ұлжан-1 шағын ауданының Асқар көшесінің қиылысына дейін.

№613 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Томирис шағын ауданы, Центральная көшесі, 128. «№205 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Үлкен Алматы өзені мен Үлкен Алматы каналының қиылысынан батысқа қарай Үлкен Алматы каналының

ауданының Ақбулак көшесіндегі №108 үйге дейін; Саялы шағын ауданының Ақбулак көшесіндегі №108 үйден оңтүстікке қарай Саялы шағын ауданындағы Ақжайнар көшесіндегі №17 үйге дейін; Саялы шағын ауданындағы Ақжайнар көшесіндегі №17 үйден солтүстікке қарай Көк-Қайнар шағын ауданының Арқалық көшесіндегі №79 үйге дейін. Көк-Қайнар шағын ауданының Арқалық көшесіндегі №51, 57, 59, 45, 37, 73, 43, 39, 53, 55, 49, 47, 63, 61, 33, 35, 69, 71, 75, 79, 77 көпқабатты тұрғын үйлері.

№616 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Саялы шағын ауданы, Ақжайнар көшесі, 3. «№204 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Саялы шағын ауданының №102, 104, 106, 101, 98, 97, 100, 127, 121, 95, 92, 124, 130, 134, 133, 126, 123, 129, 131, 94, 93, 112, 114, 111, 109, 107, 118, 115, 117, 120 көпқабатты тұрғын үйлері.

№617 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Нұрқент шағын ауданы, 5/18. «Алатау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Дарабоз шағын ауданының № 43, 41, 39, 47, 45, 49, 67, 57, 65, 53, 51, 61, 55, 59, 63 көпқабатты тұрғын үйлері.

№618 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Нұрқент шағын ауданы, 12. «№201 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Нұрқент шағын ауданының №5/1, 5/2, 5/3, 5/4, 5/5, 5/6, 5/7, 5/20, 5/21, 5/22 көпқабатты тұрғын үйлері.

№619 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Теректі шағын ауданы, Ақтөлек көшесі, 10. «№184 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Райымбек даңғылы мен Алматы қаласының батыс шекарасының қиылысынан қала шекарасымен солтүстікке қарай Теректі шағын ауданының Мұратбаев көшесіне дейін; Теректі шағын ауданының Мұратбаев көшесімен шығысқа қарай Теректі шағын ауданының Ақадыр көшесіне дейін; Теректі шағын ауданының Ақадыр көшесімен оңтүстікке қарай Теректі шағын ауданының Мәртөк көшесіне дейін; Теректі шағын ауданының Мәртөк көшесімен Теректі шағын ауданының Шыңқорған көшесіндегі №8

үйге дейін; Теректі шағын ауданының Шыңқорған көшесіндегі №8 үйден батысқа қарай Теректі шағын ауданының Сайғатты көшесіне дейін; Теректі шағын ауданының Сайғатты көшесімен оңтүстікке қарай Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылымен батысқа қарай Алматы қаласының батыс шекарасына дейін.

№620 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Алғабас шағын ауданы, Алдияр көшесі, 16. «№185 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Рысқұлов даңғылы мен Қарғалы өзенінің қиылысынан Қарғалы өзенінің арнасымен солтүстікке қарай Алғабас шағын ауданының Шұбартал көшесіне дейін; Алғабас шағын ауданының Шұбартал көшесімен батысқа қарай Алғабас шағын ауданының Инабат көшесіне дейін; Алғабас шағын ауданының Инабат көшесімен оңтүстікке қарай Алғабас шағын ауданының Тұран көшесіне дейін; Алғабас шағын ауданының Тұран көшесімен батысқа қарай Алғабас шағын ауданының Кетбұға жырау көшесіне дейін; Алғабас шағын ауданының Кетбұға жырау көшесімен оңтүстікке қарай Алғабас шағын ауданының Ақниет көшесіне дейін; Алғабас шағын ауданының Ақниет көшесімен шығысқа қарай Алғабас шағын ауданының Орақты батыр көшесіне дейін; Алғабас шағын ауданының Орақты батыр көшесімен Алғабас шағын ауданының Бойтұмар көшесіне дейін; Алғабас шағын ауданының Бойтұмар көшесімен шығысқа қарай Рысқұлов даңғылы мен Қарғалы өзенінің қиылысына дейін.

№621 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Рахат шағын ауданы, Байжанов көшесі, 1Б. «№196 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Мәдениет шағын ауданының Бозок көшесі мен қала шекарасының қиылысынан Мәдениет шағын ауданының Нұржауған көшесіне дейін; Мәдениет шағын ауданының Нұржауған көшесімен оңтүстікке қарай Мәдениет шағын ауданының Шоған Абыз көшесіне дейін; Мәдениет шағын ауданының Шоған Абыз көшесімен оңтүстікке қарай Сани көшесіне дейін; Сани көшесімен солтүстікке қарай Боралдай шағын ауданының Жаужүрек көшесіне дейін; Боралдай шағын ауданының Жаужүрек көшесімен солтүстікке қарай Алматы қаласының шекарасына дейін; Алматы қаласының шекарасымен Мәдениет шағын ауданының Бозок көшесіне дейін.



ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жылғы 21 қазанда, сағат 11.00-де Алматы қ., Жетісу ауданы, Сейфуллин көшесі, 433 мекенжайы бойынша орналасқан «АлЭС» АҚ 1-ЖЭО аумағының №103 кабинетіндегі акт залында 1-ЖЭО үшін 2023-2032 жылдарға «Атмосфералық ауаға жол берілетін шығарындылар нормативтері» мен «Қалдықтарды басқару бағдарламасы» жобалары бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда ғана жүргізіледі. Тіркеу талқылау басталғанға 60 минут қалғанда басталады.

Тыңдауларға қатысу үшін келесі сілтемеге өту керек <https://us05web.zoom.us/j/5605704660?pwd=VnZL3N6QVp0d1lSWXNwZ05GNjI1dz09>, конференция сәйкестендіргіші: 560 570 4660,

кіру коды: 7KLe7

Жобаға танысуға беруші: «АлЭС» АҚ заңды мекенжайы: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-03-29.

Жобаны әзірлеуші: «Asia consult» ЖШС, заңды мекенжайы: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ.Ә., Ақтөбе қ., НЕКРАСОВА көшесі, 79-пәтер, БСН 070740008637, байланыстағы тұлға: Бижанов Асылхан, 8 (713) 255-76-20.

Жергілікті атқарушы орган – «Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы» ММ, тел. 8 (7272) 972-18-39, 8 708 972 18 39.

Жоба бойынша құжаттама БЭП <https://ecportal.kz/> және ЖАО сайтына <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/contacts?lang=ruu.Prirp@almaty.gov.kz> бөліміне орналастырылды.

Қағаз түріндегі жоба материалдарымен танысуға болатын мекенжай: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, электрондық поштасы: e-mail: zarzyukova@ales.kz.

Ақпарат алуға және құжаттар көшірмесімен танысуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-03-29.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары келесі мекенжайда қабылданады: Алматы қ., Әуезов к-сі, 4, «Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы» ММ, тел.: 8 (7272) 972-18-39, 8 708 972 18 39, электрондық мекенжайы: u.prirp@almaty.gov.kz.

ФЕСТИВАЛЬ



Жырдан маржан төкті

Қала күніне орай «Алатау» дәстүрлі өнер театрының сахнасында «Аманат» атты республикалық жыршылар фестивалі өтті. Аталмыш іс-шараны Алматы қаласы әкімдігінің және қалалық Мәдениет басқармасының қолдауымен «Алатау» дәстүрлі өнер театры ұйымдастырды.



Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Еліміздің түкпір-түкпірінен келген 12 жыршы өнерлерін ортаға салды. Олар екі бағыт бойынша өнер көрсетті. Алғашқы бөлімде өздері арнайы дайындаған өсиет жырды орындаса, екінші кезеңде батырлар жырын көпшілікке ұсынды.



Республикалық жыршылар фестиваліне кеш қонағы болып кішкентай Жансұлу Әбдімәжит бастаған Күнсұлу Түрікпен, Ерсейіт Әлиев, Шаттық Уатқан, Нұртілек Ақтаев, Аманқос Садық, Руслан Ақынбек сияқты есімі елімізге кеңінен танымал жыршылар мен жас жыршылар қатысты.

«Мен осы Алатау ауданында тұрып келе жатқаным 10 жылдың жүзі болды. Кешімізді осы театрда өткіземіз. Қала күніне орай бірнеше іс-шара өтіп жатыр. Барлығы дерлік көңілімізден шығуда. Өзіммен бірге балаларымды да ала келдім. Олардың рухани құндылықтарды бойына сіңіруіне осындай шаралар көмегін тигізеді деген сенімдемін. Шаттық Уатқан мен Руслан Ақынбектің жырлары тебіреніп, қанымды тулатып жіберді. Талантты жастарымызға тек қана сәттілік тілеймін», – дейді Назира Бекмұрат есімді қала тұрғыны.

Жыршы-жыраулар фестивалі алматылықтарға серпіліс, рухани азық сыйлағанына сеніміміз мол.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503
(жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге
3 айға – 1801,50 теңге

15503
(кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге
3 айға – 4861,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге
3 айға – 1321,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«№140 бөбекжай-балабақша» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына:

- музыка мұғалімі;
- тәрбиешінің көмекшісі керек.

Тел.: +7 701 270 45 88.

«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына:

- слесарь-сантехник;
- медициналық техникаға қызмет көрсету жөніндегі инженер;

- қосалқы жұмысшы;
- денсаулық сақтау саласы бойынша ЖОО оқытушысы;
- денсаулық сақтау саласы бойынша ЖОО доценті;
- денсаулық сақтау саласы бойынша ЖОО оқытушысы керек.

Тел.: +7 (727) 338-70-58.

«№183 жалпы білім беретін

мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне:

- бастауыш мектеп педагогі керек.

Тел.: +7 707 369 40 75.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-на а:

- зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі маман;
- сыйақылар мен жеңілдіктер жөніндегі маман;

- тәуекел-менеджмент бойынша басшы;
- тәуекел-менеджер;
- персоналды оқыту және дамыту жөніндегі маман;
- заңгер қажет.

Тел.: +7 (727) 331-66-99 / ішкі телефон: 5215.

«Magnum Cash&Carry» ЖШС-ға:

- сатушы-кеңесші;
- кассир;
- аспаз керек.

Тел.: +7 707 471 91 59.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы поштамтына:
7 (707) 932-39-18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы борттыңдағы
жолаушыларға қолжетімді.



«ALMATY GARDEN SHOW»



Гүл көмкерген фестиваль

АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қала күніне орай М.Горький атындағы мәдениет және демалыс саябағында халықаралық «Almaty Garden Show» фестивалі ұйымдастырылды. 3 күнге созылған іс-шарада бау-бақша жемістерін, үй жағдайындағы дала гүлдерінің түрлі түрлерін ұсынды. Қала тұрғындары әлемнің жетекші дизайнерлері мен бағбандарының шеберлік сағаттарынан өтті. Кәсіби көгалдандыру, тыңайтқыш, ландшафт дизайны және заманауи гүл шоқтарын жасау бойынша түрлі тәжірибе үйренді.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«Біз бұл фестивальді 2015 жылдан бастап ұйымдастырып келеміз. Пандемия кезінде іс-шараны өткізе алмадық. Сол себептен болар, биылғы жылы ерекше қарқынмен, ынтамен жұмысқа кірістік. Қала күні қарсаңында тұрғындарымыз жұпар иісі аңқыған гүлдерді тамашаласын деген ниетпен шоу ұйымдастырып жатырмыз. 3 күнге созылатын шарада түрлі қызықтар болады. Фотоға түсетін орындар жасадық, студенттер өздерінің шығармаларын жәрмеңкеде көрсетеді. Кішкентай бүлдіршіндер концерттік бағдарлама ұсынады», – дейді ұйымдастырушы Наталья Селивановна.

Биылғы жәрмеңкеге 50-ден астам бағбан қатысқан. Көрмеге қойылған гүлдердің сан түрлілігінен көз тұнады.

«Бау-бақшамен айналысып келе жатқанымызға 30 жылдың жузі болыпты. Қазақстанда өсетін барлық өсімдікті өзіміз шығарамыз. Көп жылдық гүлдер, жеміс ағаштарының түр-түрін бізден табуға болады. Мәселен, осы фестивальге лаванда, түймедақ гүлдерін ала келдік. Қазір қарап отырсам, осындай іс-шараларға қатысып жүргенімізге 11 жылдың жузі болыпты. Еуропа, ТМД елдерінен мамандар келіп, бір-бірімізден шеберлік сағаттармен алмасамыз. Сол себептен, мұндай жұмыстар жыл сайын өткізіліп отыруы тиіс», – дейді Олжас Жантөре есімді бағбан.

Ұйымдастырушылар көрермендер үшін қызықты бағдарлама әзірлеген. Шара барысында Гүлден сабын жасау тұжырымдамасына қатысуға болады, онда ересектер мен балалар өз қолымен гүлдің хош иісі бар сабындар мен балауыздар жасауды үйренеді. Бір жылдық гүлдер отырғызу бойынша шеберлік дәрістері өтеді, гүлдер базарынан отандық өндірушілердің өнімдерін сатып алуға болады, гүлдерден басқа түрлі ағаштар мен бұталар да сатылады.

Фестиваль аясында балалар ансамбльдері мен оркестрлерінің қатысуымен мерекелік концерт өтті. Жастар түрлі декорациямен әсемденген орындарда суретке түссе, ересектер қолжетімді бағадағы гүлдерді сатып алды. Келушілерді мээ-мейрам еткен іс-шара қала тұрғындары мен қонақтарының көңілінен шықты.



ӨЗГЕЛЕРДІҢ ӨНЕГЕСІ

ӘЛЕМ ҚАЛА КҮНДЕРІН
ҚАЛАЙ ТОЙЛАЙДЫ?

Әлемнің көптеген елінде Қала күнін тойлау дәстүрі ежелден қалыптасқан. Әдетте, бұл мереке ірі қалаларда демалыс күндері аталып өтеді. Кейбір мемлекеттер бұл мерекені ерекше салтанатпен тойлайды. Алматыда да Қала күнін тұрғындар асыға күтеді. Күздің жаймашуақ күндеріне, қыркүйектің үшінші демалысына сәйкес келетін мерекеде қала халқы саябақтар мен қала орталықтарына жиналып, түрлі концерттер мен мәдени шараларды тамашалайды, саябақтарда демалады, қаланың тарихы жайлы қызықты мағлұматтар алады.

ИТАЛИЯ

Италияның Пиза қаласында Қала күні ерекше тойланады. Пиза қаласы қонырау мұнарасымен бүкіл әлемге әйгілі. Италиялықтар бұл елдімекенді елдің мәдени астаналарының бірі деп санайды, өйткені қала ішінде Орта ғасырларда бұзылған көптеген сарайлар, храмдар мен бақтар бар. Жыл сайын Пиза қаласының күнінде Италияның мәдени астанасының тұрғындары мен қонақтары үшін музыкалық фестивальдер, концерттер мен тегін көрмелер ұйымдастырылады. Сондай-ақ, ғажайып алаңда Италия үшін дәстүрлі костюмдер шеруі болмайды, ал кешке, әріне, керемет таңғажайып шоу күтіледі.

ЛАТВИЯ

Латвияның астанасы Рига түрлі қонырауларға толы. Мереке күні қалада қоныраулар үні ерекше естіледі. Дәстүр бойынша Қала күні мерекесінде ригалықтар 50 жыл бірге өмір сүрген ерлі-зайыптыларды алтын тойымен құттықтайды. Түнгі Рига көшелерінде «Окарте түнгі жарысы» ұйымдастырылады, оған қала тұрғындары мен қонақтары қатысады.

ALMAFEST

АЛМАНЫ АЛҒА ҚОЙҒАН
МЕРЕКЕ

18 қыркүйек күні ҚР Тұңғыш Президент саябағында Almafest фестивалі өтеді.

Мегаполис әкімдігінің ұйымдастырумен Алматы күніне орай дәстүрлі түрде ҚР Тұңғыш Президент саябағында «Almafest» фестивалі өтеді. Іс-шара шаһарамызға еңбегі сіңген тұлғалар «қаланың Құрметті азаматы» марапатымен наградталады. Сондай-ақ, қала тұрғындары мен қонақтары үшін алма жәрмеңкесі, концерттік бағдарлама және көптеген мерекелік іс-шаралар болады.

Мерекенің екінші күні ригалықтар жағалауда той ұйымдастырады, би билеп, ән шырқалады, музыкалық байқаулар ұйымдастырады. Іс-шара түнгі отпашумен аяқталады.

ЧЕХИЯ

Қала күні Чехияда өте жаңа мереке, Прагада мереке 2010 жылы мамырда атап өтіле бастады. Мереке күндері көптеген мұражайлар, галереялар мен мәдени ескерткіштер үлкен жеңілдікпен немесе ақысыз түрде ашылады. Ескі қала алаңында музыка ойналады, түрлі ансамбльдер өнер көрсетеді, ал Петршинде балаларға арналған арнайы акциялар өтеді. Штефаник обсерваториясында балаларға күн мен ай, жұлдыздар мен кометалар туралы ертегілер айтылады. Балаларға арналған театрландырылған қойылымдар да өтеді.

ФИНЛЯНДИЯ

Маусым айының ортасында Финляндия астанасы әлемнің түкпір-түкпірінен қонақтарды туған күніне шақырады. Финдер жыл сайын өз елінің бас қаласының құрметіне нағыз мерекелік марафон ұйымдастырады. Хельсинки орталығы мерекелік көңіл күйдегі адмдарға толады. Іс-шаралар қала басшысы басқаратын Сенат алаңындағы салтанатты рәсімінен басталады. Хельсинки күнінің ең танымал оқиғаларының бірі «ашық аспан астындағы түскі ас» деп аталады. Қаланың тарихи орталығында үлкен үстел бар, сол жерде 1000 адам тамақтанады. Хельсинки қаласының музыкалық бағдарламасында көше концерттері басым. Олар үшін ең танымал ашық көріністер дәстүрлі түрде Финляндия астанасының ең жақсы саябақтарында, Эспланада мен Кайвопуистода орналасқан. Мерекеле Хельсинки мәдени мекемелері де маңызды рөл атқарады. Қаладағы барлық мұражай 12 маусымда тегін болады, ал қала қонақтары үшін оның өткені мен бүгіні туралы баяндайтын арнайы экскурсиялар өткізіледі.

Әзірлеген Айнуір НҮРСАБЕТ.

ДӘСТҮР

«GAKKU DAUYISY» ӨТЕДІ

Қала күнін осы фестивальмен ашу жақсы дәстүрге айналды.

Тек жанды дауыста өтетін ең ауқымды концерт биыл да алматылықтар мен қала қонақтарын қуантпақ. Бүгін кешкі сағат 17.00-де «Астана» алаңында басталатын музыкалық марафон 6 сағатқа созылады. Қазақстандық ең үздік әртістер өнер көрсетеді: Alzabi, Zheka Fatbelly, Madi Rymbaev, Mdee, Darkhan Juzz, Құрмаш Маханов, Аурее, Әли Окапов, Айқын, Amre, Mona Songz, Say Mo, Ерке Есмахан, Qanaу, Қайрат Нұртас, Ninety One, т.б.

«Gakku бағдарламаларының мақсаты – қазақстандық өнерді дамыту, ізденіс және жаңа таланттарды қолдау, отандық музыканы елімізде және шетелде танымал ету», – дейді ұйымдастырушылар.

